Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 17 (1072)

06.05.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ПРЕЗИДЕНТ ЖАРЛЫҒЫ

ҚАПШАҒАЙ ҚАЛАСЫНА ҚОНАЕВ АТЫ РЕСМИ ТҮРДЕ БЕРІЛДІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ НАУРЫЗ АЙЫНДАҒЫ ХАЛЫҚҚА ЖОЛДАУЫНДА: ҚАПШАҒАЙ ҚАЛАСЫНЫҢ АТЫН ҚОНАЕВ ДЕП ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ ҰСЫНЫСЫНА ҚОСЫЛУҒА ДАЙЫН ЕКЕНІН МӘЛІМДЕГЕН ЕДІ.

Атап айтсақ, 16 наурызда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жолдауында еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіруді айта келе, Семей өңірінде Абай облысын, ал Жезғазған аймағында Ұлытау облысын құру қажеттігін айтты. Сонымен қатар Алматы агломерациясына қатысты түйткілдерді шешу және аумақты дамыту үшін Алматы облысын екіге бөлуді ұсынды.

11 сәуір күні Республикалық Ономастика комиссиясы жаңадан құрылатын облыстарға Абай, Жетісу, Ұлытау атауын беру туралы шешімді бірауыздан қолдады. Сондай-ақ Мемлекет басшысы Алматы облысындағы Қапшағай қаласының атын Қонаев қаласы деп атауға жарлыққа қол қойды.

Алматы облыстық мәслихатының кезектен тыс XVII сессиясында Қонаев қаласының бастан-аяқ жоспарлау жобасы әзірленіп жатқаны, қайта құру мен қайта қалпына келтіру бойынша ғылыми сараптама жүргізілетіні айтылды.

Жаңадан құрылған Алматы облысының құрамында 380 елді мекені бар және 9 аудан, 1 қала болады. Ал Жетісу облысында 352 елді мекені бар, 8 аудан және 2 қаласы болады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» жарлығына қол қойды. Онда Қазақстанда үш облыстың құрылғаны және аудандардың әкімшілік бөлінісі туралы жазылған. Жарлық мәтіні Президенттің ресми сайтында жарияланды.

«Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Алматы облысының әкімшілік орталығы Талдықорған қаласынан Қонаев қаласына көшірілсін.

2. Мыналар:

1) Шығыс Қазақстан облысының құрамынан Аксуат, Абай, Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Жарма, Үржар, Көкпекті аудандарын, Семей және Курчатов қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Семей қаласында орналасатын Абай облысы;

2) Алматы облысының құрамынан Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Сарқан аудандарын, Талдықорған және Текелі қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Талдықорған қаласында орналасатын Жетісу облысы;

3) Қарағанды облысының құрамынан Жаңаарқа, Ұлытау аудандарын, Жезқазған, Қаражал және Сәтбаев қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Жезқазған қаласында орналасатын Ұлытау облысы құрылсын.

3. Алматы облысының жергілікті өкілді және атқарушы органдары, сондай-ақ, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты мекемелері Қонаев қаласына көшірілгенге дейін Талдықорған қаласында орналасады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесімен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір ай мерзімде ұйымдастыру іс-шараларының жоспарын (жол картасын) бекітсін және осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдасын.

5. Орталық мемлекеттік органдар, Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарының, сондай-ақ Шығыс Қазақстан, Алматы, Қарағанды облыстарының жергілікті өкілді және атқарушы органдары орталық мемлекеттік органдар-дың тиісті аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті өкілді және атқарушы органдар мен ұйымдардың іркіліссіз және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде шараларды қабылдасын.

6. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

7. Осы Жарлық 2022 жылғы 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс», – делінген Президент Жарлығында.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

АҢДАТПА

БРИФИНГ В СЦК 3 стр.

ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ СОБСТВЕННЫМИ ПРОДУКТАМИ

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ 4-5 бет

АТА ЗАҢ – АЛЛАНЫҢ АЯТЫ ЕМЕС...

ЖАҢА КІТАП 7-бет

ІЗГІЛІКПЕН ӨРІЛГЕН «ІЗГІЛІК ТАМШЫСЫ»

ЕЛ ТЫНЫСЫ 8-9-бет

ГҮЛДЕНСЕ АУЫЛ, ГҮЛДЕНЕМІЗ БӘРІМІЗ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

БІРТУАР ТҰЛҒА, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ҮШ МӘРТЕ СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРІ ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ ЕСІМІ РЕСМИ ТҮРДЕ ҚАПШАҒАЙ ҚАЛАСЫНА БЕРІЛДІ. ҚАЛАНЫҢ САЛЫНУЫ МЕН ОНДА КӨРІКТІ КӨЛДІҢ ПАЙДА БОЛУЫНА ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫНЫҢ ТІКЕЛЕЙ ҚАТЫСЫ БАР. ӨЗІ ЖЕТЕКШІЛІК ЖАСАП ЖҮРІП ӘСЕМ ҚАЛАНЫ ТҰРҒЫЗДЫ. ҚАПШАҒАЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ҒАНА ЕМЕС, ЕЛІМІЗДІҢ КӨРКЕЮІ ЖОЛЫНДА АЯНБАЙ ТЕР ТӨКТІ. МЕМЛЕКЕТІМІЗДІ КӨРЕГЕНДІКПЕН БАСҚАРЫП, ЕЛ ДАМУЫНА ТӨТЕ ЖОЛ САЛДЫ. МІНЕ, ОСЫНДАЙ ҰРПАҚТАН-ҰРПАҚҚА ҮЛГІ БОЛАРЛЫҚ ТАРИХИ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛАЙ ӘСПЕТТЕСЕК ТЕ ЖАРАСАДЫ.

ҚОНАЕВ ескерткішіне гүл шоқтары қойылды

Осы орайда Талдықорған қаласында мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевты еске алу шарасы өтті. Онда облыс әкімі Қанат Бозымбаев біртуар тұлғаның ескерткішіне гүл шоғын қойып, рухына тағзым етті. Жиналған көпшілік алдында сөз сөйледі.

– *Қайырлы күн, құрметті қауым! Елордадан сүйінші хабар жетті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Қапшағай қаласына Қонаев есімі берілді. Осыған орай, мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек ері – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың құрметіне арналған еске алу шарасына жиналып отырмыз. Талдықорған қаласында арнайы ғылыми-практикалық конференция өткізіледі. Қапшағай қаласының атауы Қонаев болып өзгеруі – Дінмұхамед Ахметұлының елге сіңірген қызметіне, қаланың негізін салушы ретіндегі ерен еңбегіне берілген лайықты баға деп санаймыз. Бұл – тарихи әділдік. Осы орайда, зиялы қауымның қатысуымен біз алдымыздағы 8 мамыр күні Қапшағай қаласында үлкен жиын, мерекелік шара өткізіп, айтулы оқиғаны ерекше атап өтетін боламыз. Қонаев қаласы атауының ауысуы, қаланың жаңадан бой көтеруіне леп беретін бірегей бастама. Биыл Дінмұхамед Қонаевтың туғанына – 110 жыл. Жыл басынан облысымызда атаулы іс-шаралар өтуде. Дінмұхамед Қонаев халық үшін адал еңбек етіп, ел мүддесіне қалтқысыз қызмет етті. Есімі аңызға айналған ардақты тұлғаны халқы ешқашан ұмытпайды. Тарихи тұлғалардың артында қалған мұрасын жеткізу кейінгі өскелең ұрпаққа абыройлы парыз. Бүгінгі күн – ертеңгі тарих. Баршаңызды осы тарихи сәтпен шын жүректен құттықтаймын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!* – деді облыс басшысы.

Бұдан соң облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ермек Келемсейіт сөз алып, Қапшағай қаласына Қонаев есімін беру турасындағы көптен бері көптің көкейінде жүрген үлкен бір істі жүзеге асырып отырған ел Президентіне алғысын жеткізіп, еліміздің ары қарай гүлденіп, өркендей беруін тіледі.

Шараға жиналған көпшілік Дінмұхамед Ахметұлының тау мүсініне қарап, гүл шоқтарын қойып, елі үшін тер төккен тұлғаның еңбегі мен өнегелі істерін тебірене еске алды.

Қуанышты сәттің куәсі болған Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі, ҚР білім беру саласының үздігі Жұмабала Балақаранова: *«Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауда көтерген ең үлкен бір мәселесі – Алматы облысын екіге бөлу жайы болды. Облыс үлкен болғандықтан басқаруға да қиындық туғызып келгені рас. Оның бір шетінен екінші бір жағына жетудің өзі қиын. Сол себепті бұл өте бір көрегенді шешім болды деп ойлаймын. Президентіміз Қапшағай қаласына Дінмұхамед Қонаевтың есімін беру туралы да ұсынысты да біраузыдан қолдады. Ол кісі қандай құрметке де лайық. Еліміз үшін жасап кеткен еңбегі ұшан-теңіз. Қашанда көпшіліктің жадында, ел есінде тұрады. Соның бір дәлелі – бүгінгі шара»*, – деп пікір білдірді.

Ал отставкадағы полковник, Талдықорған қаласының тұрғыны Қалибек Қалдыбаев: «Мемлекетіміздің іргесін қалаған бірден-бір тұлға – Дінмұхамед Қонаев. Оның қазаққа сіңірген еңбегі зор. Мұны жастар, келер ұрпақ ұмытпай, біліп жүруі керек. Ол үшін мына ескерткіштің астына сіңірген еңбегі, атақ-даңқы, мәртебесі жазылуы тиіс. Өзім бірнеше мәрте Дінмұхамед Ахметұлымен жұмыс бабында кездесіп, көзін көріп, өнегелі сөзін естідім. Басшымын деп бөлсінбей, балаға да, қарияға да қол беріп амандасып, кішілігі мен кісілігін таныта білетін. Әлі күнге дейін сол өнегесін жадымда сақтап, ұрпағыммен келіп ескерткішіне тағзым етіп тұрамын. Қапшағайды салып жатқан кезде біз жас мамандар едік. Көпірден бастап қаланы тұрғызғанда таңертеңген кешке дейін жүретінін көзбен көрдік. Бүгінде Қапшағайдың Қонаев қаласы аталып жатқанына дән ризамыз. Бұл ұрпақ үшін де өнегелі іс», – деп лебізін арнады.

А. ЕСЕНБАЙ.
Суретті түсірген: Ж. МҰСАБЕК.

БАЙҚАУ

Талдықорған қаласы І. Жансүгіров Мәдениет сарайында КСРО Халық әртісі Мұқан Төлебаев атындағы VI Халықаралық «Кестелі Орамал» вокалистер байқауы өз мәресіне жетті.

ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ

Жыл сайын дәстүрге айналған атаулы шараны Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, облыстық халық шығармашылығы орталығы ұйымдастырды. Байқауға екі кезең бойынша жалпы саны 33 үміткер қатысып, іріктеуден өткен 16 өнерпаз ақтық сында бақ сынасты.

Вокалистер шығармаларын Мұқан Төлебаев атындағы халық аспаптары оркестрінің сүйемелдеуімен орындап шықты.

Байқаудың жалпы мақсаты – ән өнерін дамытып, жастар арасындағы әншілік өнердің кәсіби деңгейге көтерілуіне жол ашу, халқымыздың асыл қазынасына айналған композиторларының шығармаларын насихаттау.

Қатысушылардың өнеріне баға беру үшін халқаралық деңгейдегі танымал мәдениет және өнер қайраткерлері шақырылды. Атап айтсақ, ҚР және Татарстан Республикасының Халық әртісі, Өзбекстан Республикасының Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, алқа төрағасы Нұржамал Үсенбаева, Қырғыз Республикасының Еңбек сіңірген әртісі, А. Малдыбаев атындағы Қырғыз академиялық опера және балет театрының жетекші солисі Телек Найманбаев, ҚР «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, Қазақ Ұлттық өнер университетінің «Вокалдық өнер» кафедрасының профессоры, «Астана-Опера» Мемлекеттік опера және балет театрының Опера труппасының директоры Азамат Жылтыркөзов, ҚР білім беру ісінің үздігі, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының «Вокал өнері» кафедрасының доценті Торғын Смайлова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Астана-Опера» МОБ театрының жетекші солисі, Қазақ Ұлттық өнер университетінің «Вокалдық өнер» кафедрасының доценті Бибігүл Жанұзақ секілді музыка өнерінің майталмандары қатысушылардың дейгейін сараптап, шара соңында жеңімпаздарды марапаттады.

Байқау қорытындысы бойынша үшінші орын мен 200 000 теңгелік сертификатты қырғызстандық Сомколбек Алмасбекұлы, талдықорғандық Бауыржан Мырзабеков, әйелдер арасында талдықорғандық Ақгүл Жиенбаева және астаналық Әйгерім Ораз иеленді.

Жүлделі екінші орын және 250 000 теңгелік сертификатты Шығыс Қазақстан облысынан келген Мақсат Саматов пен Шымкент қаласынан Аян Төлеген және Қызылорда облысынан Әзиза Әбдірайым мен алматылық Салтанат Мұратқызы қанжығасына байлады.

Жүлделі бірінші дәрежелі диплом мен 600 000 теңгелік сертификатты Жамбыл облысы, Тараздан келген Дінмұхамед Көшкінбаев және Елордадан келген Фируза Рахметоваға табысталды.

Бас жүлде және 1 000 000 теңгенінің сертификаты астаналық Айгерім Аманжоловаға бұйырды.

Марапаттаудан кейін жеңімпаздар мен өнер майталмандары естелікке суретке түсіп, байқау соңы гала-коцертке ұласты.

Арайлым НҰРЖАПАР

ДАБЫЛ

АЛАЯҚТАРДАН САҚТАН!

ТАЛДЫҚОРҒАНДА АЛАЯҚТЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІ ЖИІЛЕП, ТҰРҒЫНДАРДЫҢ АЛАҢДАУШЫЛЫҒЫН ТУДЫРУДА. ОСЫҒАН ҚАТЫСТЫ АРНАЙЫ БРИФИНГ ӨТКІЗГЕН ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ ЖЕРГІЛІКТІ ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ ҚЫРАҒЫЛЫҚ ТАНЫТЫП, ҚЫЛМЫСКЕРЛЕРДІҢ АЛДАУ-АРБАУЫНА ІЛЕСПЕУГЕ ШАҚЫРДЫ.



Баспасөз мәслихатында арнайы баяндама жасаған Криминалды полиция басқармасының аға жедел уәкілі Мақсат Нұрғалымов Жетісу жерінде орын алған алаяқтық деректерін атап өтіп, бүгінгі күні алаяқтық алдыңғы орынға шығып, қарапайым тұрғындардың сенгіштігі шығынға батырып отырғанын айтты.

Оның айтуынша, азаматтарды мұқият болуға шақыранға қарамастан, әлі күнге дейін «Инстаграм», «OLX», «КОЛЕСА» сияқты мобильді телефон қосымшаларында жасалған интернет-алаяқтық дерек-тері, микрокредиттік ұйымдардан онлайн-қарыздарды ресімдеу, «қаржы пирамидаларына» қатысу және алаяқтардың банк қызметкерлері ретінде өзін таныстыратын оқиғалары азаймаған.

– *Алаяқтардың құрбанына айналмас үшін ешкімге банк карталарыңыздың нөмірін, жарамдылық мерзімін, үш таңбалы кодты, телефон нөміріңізге келіп түскен смс-хабарламаның кодын айтпаңыздар. Ешқашан белгісіз адамдарға ақша аударманыз, әлеуметтік желілердегі күмәнді келісімдерден бас тартыңыз, өнімді сатып алу кезінде алдын-ала төлем жасамаңыз. Банк карталары жоғалған жағдайда банк операторларына бірден қоңырау шалып картаңызды бұғаттаңыз. Сонда ғана алаяқтықтың алдын алып, қылмыскерлердің құрығына түсуден құтыласыз*, – дейді Криминалды полиция басқармасының аға жедел уәкілі М. Нұрғалымов.

Айта кетейік, жыл басынан бері Алматы облысы аумағында ҚР Қылмыстық Кодексінің 190-бабы, 2-тармағы, 4-тармақшасында көрсетілген алаяқтық дерегіне байланысты 307 қылмыстық іс қозғалған. Былтыр 440 қылмыстық іс тіркелген.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»
Сурет ғаламтордан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

РЕФЕРЕНДУМ

КУРС НА ВСЕСТОРОННЮЮ ДЕМОКРАТИЗАЦИЮ

ЭПОХА СУПЕРПРЕЗИДЕНТСТВА В КАЗАХСТАНЕ С НЕОХОТОЙ УСТУПАЕТ МЕСТО ДРУГОЙ — ПРЕЗИДЕНТСКОЙ. НО МАХОВИК ПЕРЕМЕН СТАРТОВАЛ. ОДНИМ ИЗ ЗНАКОВЫХ МОМЕНТОВ СТАЛ ОБЪЯВЛЕННЫЙ РЕФЕРЕНДУМ С ПОВЕСТКОЙ ДНЯ «ЕДИНСТВО НАРОДА — ОСНОВА ОБНОВЛЕННОГО КАЗАХСТАНА», ПИШЕТ TELEGRAM-КАНАЛ @ASIANTOP.

«Цель референдума благая для казахстанцев и не служит задачей усиления позиций власти, как это было отмечено в Кыргызстане или в Турции, и совсем не схожа с российским аналогом кампании, в которой шло чёткое обнуление сроков во имя бессмертия одного. Цель будущего референдума в этом “стане” значительно интереснее: внесение 33-х поправок в Конституцию, что кардинально сменят природу автократической системы, а это можно уже назвать, при итоговом успехе, если не революцией без крови, то эволюцией демократии», — говорится в публикации.

Отмечается, что последнее «дуновение» столь масштабных перемен в государстве было достаточно давно – в 1995 году.

«И цитируя Токаева, заметим, что проведение референдума позволит каждому казахстанцу “принять непосредственное участие в решении судьбы страны” и укрепит курс “на всестороннюю демократизацию”, – пишет источник.

Напомним, 29 апреля на XXXI сессии Ассамблеи народа Казахстана Касым-Жомарт Токаев заявил о необходимости проведения референдума по вопросу внесения поправок в Конституцию страны.

В частности, Президент Касым-Жомарт Токаев предложил провести в Казахстане референдум по проекту поправок в Конституцию.

Как отметил Президент, им инициированы изменения в Конституцию, которые носят фундаментальный характер и кардинально меняют политическую систему страны.

«Мы переходим к новой государственной модели, новому формату взаимодействия государства и общества. Этот качественный переход можно назвать Второй республикой. Рабочей группой подготовлены поправки в 33 статьи основного закона, а это треть всей Конституции. Законопроект о внесении указанных изменений передан в Конституционный Совет, который в скором времени вынесет свой вердикт. Предстоящие масштабные и значимые изменения окажут существенное влияние на будущее страны. Поэтому предлагаю провести республиканский референдум по поправкам в Конституцию», – заявил Президент на сессии Ассамблеи народа Казахстана.

Токаев считает, что референдум позволит каждому гражданину принять непосредственное участие в решении судьбы страны и укрепит курс на всестороннюю демократизацию и построение Нового Казахстана.

Президент отметил, что референдум – это важнейший демократический институт, однако в Казахстане он в последний раз проходил в 1995 году, когда утверждалась действующая Конституция.

«Затем был принят конституционный закон “О республиканском референдуме”, который тем не менее ни разу не применен на практике. И это несмотря на то, что поправки в Конституцию с тех пор вносились четыре раза. Считаю, что изменение Конституции через всенародное голосование станет яркой демонстрацией народного волеизъявления», – сказал Токаев.

Республиканский референдум – всенародное голосование по проектам Конституции, конституционных законов, законов и решений по иным наиболее важным вопросам государственной жизни Республики Казахстан.

Референдум проводится на всей территории страны. Предметом референдума могут быть: принятие Конституции, конституционных законов, законов, внесение в них изменений и дополнений; решение иных наиболее важных вопросов государственной жизни республики.

Референдумы в истории Казахстана проходили дважды. Первый состоялся 29 апреля 1995 года и касался вопроса продления срока полномочий Президента страны. Предметом второго референдума, прошедшего 30 августа 1995 года, стал проект новой Конституции Казахстана.

УКАЗ ПРЕЗИДЕНТА

О ПЕРЕИМЕНОВАНИИ КАПШАГАЯ В ГОРОД ҚОНАЕВ

Документ вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев подписал Указ о переименовании Капшагая в город Қонаев. Об этом сообщает пресс-служба Акорды.

О переименовании города Касым-Жомарт Токаев сказал 16 марта во время выступления с ежегодным Посланием народу Казахстана.

«Город Капшагай тесно связан с именем великого сына нашего народа Динмухамеда Кунаева. Если общественность предложит назвать Капшагай именем Кунаева, я поддержу это мнение», – сказал тогда президент.

Также сообщалось, что город станет областным центром Алматинской области.

24 марта члены комиссии Капшагайского городского маслихата проголосовали за переименование города Капшагая в Динмухамед Кунаев.

29 марта вопрос рассматривали на заседании Республиканской ономастической комиссии. По итогам заседания члены комиссии дали положительное заключение на предложение о переименовании города.

БРИФИНГ В СЦК

КАЗАХСТАН НАМЕРЕН ПОЛНОСТЬЮ ОБЕСПЕЧИТЬ РЫНОК СОБСТВЕННЫМИ ПРОДУКТАМИ ДО 2025 ГОДА

ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ СОБСТВЕННЫМИ ПРОДУКТАМИ

Вице-премьер-министр по социальным вопросам на брифинге в СЦК рассказал, когда на прилавках магазинов продукты отечественного производства заменят импортные, передает корреспондент NUR.KZ.

Ералы Тугжанов представил основные положения утвержденной правительством программы повышения доходов населения до 2025 года.

Среди наиболее важных шагов правительства, по его словам,-стопроцентное импортозамещение продовольственных товаров.

«Это позволит обеспечить продовольственную безопасность страны. По итогам прошлого года доля отечественного производства на внутреннем рынке по основным видам продовольственных товаров (29) составила 80%. Мы зависим от импорта по шести товарам: яблоки – 74%, колбасы – 56,4%, сыры и творог – 56%, сахар – 43%, мясо птицы – 65,4%, рыба – 66%. Для полного решения вопроса импортозависимости планируется реализовать более 900 инвестиционных проектов», - пояснил Тугжанов.

Речь идет о планах по строительству 87 молочно-товарных ферм, 14 мясокомбинатов, 17 птицефабрик, а также высадке садов на площади 6,6 тыс. га и запуске сахарного завода.

«В будущем по программе будет возможность до 2025 года полностью закрыть шесть видов продукции. Только сахар останется на уровне 80%, все остальные товары из других стран при реализации мы выводим на уровень 100%», - заключил Ералы Тугжанов.

Напомним, что в рамках новой программы также планируется повысить зарплаты 3,8 млн казахстанцев.

ОРАЗА АЙТ

ОРАЗА АЙТ — БЛАГОСЛОВЕННЫЙ МОМЕНТ, КОГДА ЧЕЛОВЕК НА ПРОТЯЖЕНИИ МЕСЯЦА, СОБЛЮДАЯ ПОСТ, А ТАКЖЕ СОВЕРШАЯ БЛАГИЕ ПОСТУПКИ, ПОЛУЧАЕТ ЗА ЭТО ВОЗНАГРАЖДЕНИЕ И ПРОЩЕНИЕ ВСЕВЫШНЕГО.

ВЕРХОВНЫЙ МУФТИЙ ПОЗДРАВИЛ МУСУЛЬМАН

Как передает Sputnik, Председатель Духовного управления мусульман Казахстана, верховный муфтий Наурызбай кажы Таганулы поздравил казахстанских мусульман с наступлением священного праздника Ораза айта.

По информации пресс-службы ДУМК, верховный муфтий напомнил, что слово «Айт» означает «празднование», «разделение радости», «отвечать взаимностью».

А Ораза айт – это праздник, побуждающий человека к милости, добру и довольству.

«Пусть будет благословенным Ораза Айт! Всевышний Аллах сказал: “…Они постились ради меня, и я воздам за это, с моим дозволением разговляются, пусть они пребудут в радости …”. Пусть Всевышний приумножит радость мусульман и дарует счастье в обоих мирах! Да примет и воздаст Всевышний Аллах за наш пост, милостыню, благотворительность и поклонения, совершенные в этот священный месяц», – сказал в своем поздравлении Наурызбай кажы Таганулы.

Он также выразил благодарность гражданам, которые поддержали все благие инициативы Духовного управления мусульман Казахстана, активно содействовали в реализации благотворительных акций и других важных мероприятий.

В этом году священный месяц Рамазан продлился со 2 апреля по 1 мая. Второго мая казахстанцы отмечают праздник разговения – Ораза айт. Этот праздник знаменует окончание обязательного для мусульман поста в священный месяц Рамадан.

ПРОЕКТ

ПОЯВИТСЯ НОВАЯ ДОСТУПНАЯ ИПОТЕКА

В стране в ближайшее время может появиться новая доступная ипотека. Как сообщает телеканал КТК, ее оператором станет «Казахстанская жилищная компания». Сейчас прорабатываются механизм и условия кредитования, а после проект отправят на утверждение.

Но уже известно, что государство намерено субсидировать программу.

«Сейчас ситуация на рынке такая, что ипотека выдается под 18–19%. Мы проводили анализ ценообразования и видим, что для среднего класса приемлемая ставка является 11–12%. После того как “7–20–25” достигнет своей цели, это будет логическим продолжением по поддержке именно рынка ипотечного кредитования, а именно — в части коммерческого жилья и рыночной ипотеки», - сказал Олжас Салыков, заместитель председателя АО «Казахстанская жилищная компания».

Специалисты «Казахстанской жилищной компании» отмечают, программой уже заинтересовались как минимум восемь банков. Они готовы изучить новый механизм, после чего начать кредитование.

Также в ближайшие четыре года для поддержки рынка власти планируют потратить больше одного триллиона тенге. Оператор доступной ипотеки определил и портрет будущего заемщика. Это представитель среднего класса, имеющий общий доход на семью около полумиллиона тенге и возможность платить по 200 тысяч каждый месяц.

Первоначальный взнос составит всего 20%. Стоит отметить, что приобрести квартиру можно будет только на первичном рынке или в строящемся доме. При этом максимальная сумма займа пока неизвестна.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Ата заң - Алланың аяты емес...

МЫҢ ӨЛІП, МЫҢ ТІРІЛГЕН ҚАЗАҚ ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАНЫНА 30 ЖЫЛ БОЛСА ДА, МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІН ТҰҒЫРҒА ҚОНДЫРА АЛМАЙ КЕЛЕДІ. «КӨРШІНІҢ КӨҢІЛІНЕ ҚАРАЙЫҚ, КӨРПЕМІЗГЕ ҚАРАЙ КӨСІЛЕЙІК» ДЕП, АНА ТІЛІМІЗДІ, АРЫМЫЗДЫ ӨЗГЕ ЕМЕС, ӨЗІМІЗ АЯҚҚА ТАПТАП КЕЛЕМІЗ. ЖАЛТАҚТЫҚ, ЖАҒЫМПАЗДЫҚ, САТҚЫНДЫҚ ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫНА СІҢІП, СҮЙЕГІНЕН ӨТІП КЕТТІ. КЕШЕГІ ЗОБАЛАҢ МЕН ҚУҒЫН-СҮРГІНДЕ БІРІН-БІРІ САТҚАН ҚАЗАҚ ҚЫНАДАЙ ҚЫРЫЛДЫ. БҰДАН КЕЙІН ҚАЗАҚТЫҢ ЖАУЫ ҚАЗАҚ БОЛМАЙ, КІМ БОЛАДЫ? ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫ БИЛІККЕ КЕЛІП, КЕҢЕС ҮКІМЕТІ ҮСТЕМДІК ҚҰРҒАНДА БАЙ МЕН КЕДЕЙДІҢ АРАСЫНА ОТ ТАСТАҒАН КЕҢЕСТІК ЖҮЙЕ ҚАЗАҚТЫ-ҚАЗАҚҚА АЙДАП САЛДЫ.

Ұзында өші, қысқада кегі барлар, басқа емес, хат танып қалам тербегендер бірінің үстінен бірі Мәскеуге арызды қарша боратып, елдің басын ұйыстырып отырған кіл қаймақтарын атқызды, жала жапты, абақтыға тоғытты. Алматы облысының Мәслихат депутаты Марат Алтынбекұлы: «*Қазақ халқы қайғы-қасірет, ашаршылық, ату, қыру болмағанда қазір 50-60 миллион болар едік. Өте өкінішті!*», деп ғаламтор желісіне салыпты. Ел болдық, етек жаптық, тәуелсіз болдық деп бөркімізді аспанға атқанымыз тура 31 жылға аяқ басып барады. Алайда аяқ-қолымыз да, аузымыз да кісендеулі. Өз ана тілімізде сөйлей алмаймыз. Үлкен мінберлерден су төкпейтін жорғадай, ресми тілде сайрап жүрген де өзіміздің қаракөз шенді-шекпенділер. Осыдан кейін қазақ тілі қайтып көгеріп көктейді?

Бізбен қатар тәуелсіздігін алған көрші Өзбек, Түрікмен, Азербайжандар еркіндігі қолына тие салысымен экономикалық ахуалға қарамай-ақ латын әліпбиіне көшіп алған-ды. Олар тәуелсіздік алмай тұрғанда да, өз ана тілдерінде сөйлейтін. Құдай төбеден ұрып, ресми тілде сайрағанда қазақ орысты жолға қалдырды. Ата Заңда мемлекеттік тілдің жанына ресми тілді қосақтап қойдық. Шекарамызды бекемдедік, енді жер туралы дау-дамай болмайды дедік. Алайда мемлекеттік тілге тәуелді болып тұрмыз. 30 жыл Қазақстанды демократиялық елге айналдырдым, дамыған отыз елдің қатарына кіргізем деген Елбасы: Нұрсұлтан Назарбаев та қазақ тілінің кең құлаш сермеуіне мүмкіндік бермеді. «Әуелі екі қазақ бір-бірімен қазақша сөйлесіп алдыңдар» деп тиып тастады. Тіпті, халыққа қызмет көрсету орталықтарында орыс ұлтына қазақша жауап бергендерге шара қолданды. Қазақтың жауы қазақ болып тұрған соң, өзге ұлт қазақ тілін не қылсын. Аралас балабақша, мектептер көбейді. Жоғары эшелоннан бастап жергілікті биліктегілер заңды қадағалайды деген сот органдарының бәрі мемлекеттік тілді ысырып қойып, жиындар мен есеп-қисаптың барлығын жоғарыға ресми тілде жолдады. Жоғарғы билік те іс қағаздарын мемлекеттік тілге кезең-кезеңімен көшіреміз деп, елді алдап-арбап келді. Және әлі күнге алдауда. Жаңа Қазақстан құрамыз деген Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев та жиындарын ресми тілде өткізіп жүр. Жеті-сегіз тілді жетік меңгерген Мемлекет басшысы ана тілінде жатық сөйлейді. Алайда ресми тілдің етегіне оралып, қапсыра құшақтап айырылар емес. Мемлекет басшысы өзі бас болып, ұлттық мүддені алға тартып, барлық жиындарды тек мемлекеттік тілде жүргізіп және оны өзгелерден талап етсе, аяғына жем түсіп, ақсап тұрған тіл мәселесі өздігінен шешілер еді. Мемлекеттік тіл үшін кімдер бозторғайдай шырылдамады. Қоғам қайраткері, ақын Мұхтар Шаханов та Н. Назарбаевтың тұсында бұқара халықтан қол жинап, Тіл министрлігінің құрылуын талап етті. Бірақ халық талабына құлақ түрген Мемлекет басшысы болмады. «Тіл комитеті» құрылды. Оның жанынан тіл орталықтары ашылды. Алайда мемлекеттік тілдің аясы кеңіп кеткен жоқ. Керісінше, мемлекеттік тіл билік органдарында есіктен кіре алмай, босағада қалды. Мемлекеттік тілді тұншықтырған өзгелер емес, өзіміздің қаракөз шенді-шекпенділер. Қағынан жеріген құлан құсап ана тілінен жерінді. Жазушы Шерхан Мұртаза да Парламентте отырғанда жылқыдай осқырып мінез көрсетті. «Оу, ағайын, жыланда ғана айыр тіл бар, біз неге айыртілденіп кеттік?», – деп ашынды. Бұған да бүйрегі бүлк еткен үкімет болмады. Керісінше, біз көпұлтты мемлекетпіз, сондықтан бізге тыныштық пен бірлік керек деп мемлекеттік тілді тұншықтырды. Мемлекеттік тілдің аясында көзбояушылық етек алды. Президенттік сайлау кезінде мемлекеттік тілден емтихан тапсырғанда ана тілінде айызын қандырып сөйлей алмайтын Ғани Қасымовты комиссияның төрағасы, Мырзатай Жолдасбеков: «Ана тілін біледі екен. Абайдың өлеңін оқып берді», – деп елге масқара болды. Міне, біздің жағымпазданудан алдына жан салмайтын, ақты – ақ, қараны – қара» деп айта алмайтын зиялы өкілдеріміздің бір күн үшін күйбеңдеп, ұлттық мүддені мүрдеге лақтырып жібергенін көрдік. Өткен өтті, мемлекеттік тілді 30 жыл кері тартқан Елбасы да қызметінен кетті. «Жаңа Қазақстан құрамыз! Референдум өткізіп, идеологияны ретке келтіреміз. Халыққа бір табан жақын боламыз», – деп Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұрандап жатыр. Бәрекелді! Бізге өзгеріс керек. Бізге революциялық жол емес, эволюциялық жолды таңдау керек. Ендеше, мемлекеттік тілдің тәуелсіздігі Ата Заңда айқын көрінуі үшін бұқара халық референдумда бір кісідей жұмылуы керек. Ұлттық мүддені қорғау керек, ал ол мемлекеттік тілден басталады. Ұлттық идеологиямызда мемлекеттік тіл болуы тиіс. Әрбірден кейін мемлекеттік тілді қорлатпау Мемлекет басшысының міндеті. Ал біз 30 жыл мемлекеттік тілді қорлап келдік. Оған жол берген бұрынғы Мемлекет басшысы. Жаңа басшы жаңа қадамға барады деп үміттеніп отырмыз. Тек жоғарыдағы билік емес, жергілікті билік те ұлттық идеологияны жандандыру үшін күресу керек. Біздің әкімдіктегі шенділер бәрі заң аясында шешіледі деп құтылады. Мемлекеттік тілді тұсаулауға осылар атсалысты. Нәтижесінде аралас мектептердің көптеп ашылуына мұрындық болды. Мемлекеттік тілдің өрісі тарылғандықтан әлгі шалақазақтар тіпті, таза қазақтар да балаларын аралас мектептерге берді. Енді соның жемісін көріп отырмыз.

Алматы облысындағы Талғар ауданында шу шықты. 1200 орындық жаңа салынған мектепті аралас мектеп жасаймыз деп халық екіге жарылды. Ал ауданда ескі балабақшада қазақ балалары 200 орындық мектепте оқып жүр. № 2-ші 600 орындық орта мектепте 2050 қазақ баласы сығылысып отыр. Осы жағдайлардың бәрін көріп-біліп отырған аудан әкімдігі жаңа салынған 1200 орындық мектепті таза қазақ мектебі жасауға дәрмені жетпейді. Осындайда көзсіз батырлыққа баратын ағалардың ерлігі еріксіз ойға оралады. Білім саласында айшықты із қалдырған Тоққожа Естенов ағамыз 90-шы жылдары Жамбыл ауданында білім бөлімін басқарып жүргенде 142 орыс мектептерін жауып тастағанын айтқаны бар. Міне, ұлтжандылық деген осындай болмай ма? Нұр-Сұлтан қаласындағы № 93-ші орта мектептің бір топ ата-анасы мектепте орыс тілінде оқытатын аралас сынып ашуға қатысты мәселе көтерген. Өзге емес, өз ұлтымыз мемлекеттік тілде сабақ беретін білім ошағын қаламай тұр. Ата-аналармен сөйлесуге Мәжіліс депутаттары Қазыбек Иса, Жанарбек Әшімжан, Аманжол Әлтай, Мақпал Мыса және ақын Дәулеткерей Кәпұлы, Қазақ тіл қоғамының мүшесі, Серік Ерғали, химия ғылымдары бойынша PhD докторы, Нұр-Сұлтан қаласында № 90-шы мектеп-гимназиясының директоры Аятжан Ахметжанұлы қатысқан. Екі топқа бөлінген ата-аналар бір шешімге келе алмаған. «Қорқыт дегенге өстіп қорқытасың ба» дегендей, жиынды бастан аяқ бейнежазбаға түсіріп алған өзіміздің қазағымыз Аятжан Ахметжанұлына осы бейнежазбаны Ресей Президенті Владимир Путинге жіберемін деп қорқытыпты. №90-шы мектеп-гимназиясының директоры Аятжан Ахметжанұлы: «*Бүгін бір мектепті қазақ етіп сақтап қалу үшін жиналыс болды. Мәжіліс депутаттары қатысты. Бұндайға ысылдық қой, заңдық тұрғыда біраз ата-ананы орнына қойдық.* Тіл жанашырлары *біраз лекция оқыды. Қырғын дау болды. Әлім келгенше бала құқығы бұзылмайтынын заң бойынша түсіндіріп, басқа мектепке баратынын айттым. Бұл мектеп таза қазақ боп қалады деп кесімді сөз айттым. (Бір ресми мен шешетіндей) Ең өкініштісі орыс сыныбын талап етіп отырған кілең қазақ. Сол қазақтың бірі жиналыстан шыққасын есік алдында тұрып, бүгінгі сөйлеген сөздердің бәрін түсіріп алдым, толық бейнеролик жасадым. Ресей Президенті Путинге тіке жіберемін дейді. (қазақ әйел) Депутаттарымыздың көзін бақырайтып, Путинмен қорқытты. Баратын жеріңе бар дедім күйіп кетіп… Не дейін…*», - деді ол.

Нағыз құл! Міне, бұл ұлт намысына тие ме, тимей ме? Өзге ұлт емес өз қазағың тепсініп Путинмен қорқытады. Ал мұндайлар біреу емес, мыңдап бар шығар. Құдай бетін әрі қылсын, егер осындай қазақтар «Біз баламыздың орысша білім алғанын қалаймыз», – деп Ресейге өзі айтқандай қол жинап Үшбу хат жолдаса, украиндарға соқтыққан Ресей қазақтарға басқыншылық жасап, бізден өзге ұлт емес, қазақтардың өздері көмек сұрады»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

деп аттан салса, Отанын, ділін, тілін сатып жіберуден тайынбайтын қазақтар табылады. Оны Украинадағы оқиғадан да көріп отырмыз. Осы оқиғаға қаныққан Мәжіліс депутаты Қазыбек Иса: «*Масқара! Мен оны айтқан кезде мұғалімдер бөлмесінде жұртпен сөйлесіп тұрған едім, кейін естідім. Сұмдық қой! Құл ғой нағыз, қожайынын Путин санаған! Міне, біздің биліктің 30 жылда бір ұлтты екі тілге – екіге бөлген қастандығы!*», – дейді. Қоғамда қызу талқыға түсіп жатқан тіл мәселесі майданға түсіп жатыр. Қазақстанда өзге ұлт өкілдері тіл оқыту орталықтарына барып, мемлекеттік тілді меңгеруге әжептеуір талпынып жүрген-ді. Тіпті, олар өзіміздің шалақазақтардан әлдеқайда мемлекеттік тілде таза сөйледі. Енді мынадай оқиғадан кейін олар мемлекеттік тілге тұмсықтарын шүйіріп бармай қоюыда мүмкін. Әуелі өздерің үйреніп алыңдар десе, оған таңғалудың қажеті де жоқ. Ал Нұр-Сұлтан қаласындағы аралас мектеп ашуды көздеген қазақтардың басты мақсаты – «Bravo» тұрғын үй кешенінің жанындағы 1200 орындық жаңа салынған мектепті иеленгісі келіпті. Аятжан Ахметжанұлының айтуынша, олар заң аясында 2 шақырымға дейінгі аумақта кез келген мектепті таңдай алады. Сотта бұл жағынан жеңе алмайсыңдар деді. Сонсоң Жәмилә, Самал, Әйгерім, Шолпан атты орыс тіліне жүгініп жүрген аналардың арынын әрең басқанын айтады.

Талғар ауданында да су жаңа мектепті аралас мектеп жасағысы келетіндер барын жоғарыда айттық. Кейінгі он жылда елімізде он шақты жаңа қазақ мектебі ашылса, 399 аралас мектеп болғанын тарих ғылымдарының докторы Мәмбет Қойгелді, ҚР Парламентінің депутаты Қазыбек Иса, академик Оразәлі Сәбден айтуда. Көптеген орыс мектебінде бала санының аз екені де айтылуда. Өткен айдың 16 сәуірінде Алматыдағы ҚР Ұлттық кітапханасында ҚР Мәжіліс депутаттары, зиялы қауым өкілдері, тіл саласының мамандары, педагогтар, қоғам белсенділері мен журналистердің қатысуымен «Аралас мектеп қазақты қайда апарады» атты қоғамдық талқылау болды. Ол «Қазақ әдебиеті» газетіне үлкен мақала болып жарық көрді. Онда XXI ғасырдағы қазақ халқының келешегі қандай? деген ел ертеңгі жайлы азаматтардың жанайқайы үлкен резонанс тудырған. Бір ғана білім саласындағы олқылықтарды айтсақ, ел ертеңіне, мемлекет келешегіне үміттен гөрі күдікпен қарау басым. Қазақстанда бір жарым миллион бала таза мемлекеттік тілде білім алса, 2047 бала аралас тілді мектепте білім алуда. Мұның қаншасы қазақ баласы екенін өзіңіз пайымдай беріңіз. Аралас мектеп ашудан Алматы облысы көш бастап тұр екен. Мұнда 306 аралас мектепте 255 000 бала білім алады. Қазақылығы басым Алматы облысы Солтүстік өңірлерді шаң қақтырып кетіпті. Жемқорлықтан да Алматы облысы Республика бойынша бірінші орынды бермей тұр. Бұл білім саласында мемлекеттік тілдің, ұлт руханиятының қоғамдағы ахуалы ақсап тұрғанын көрсетеді. Оның басты көрінісі облыста аралас мектептердің көбейюі, дүбәра тілі мен ділінен адасқан ұрпақтарды «жаңбырдан кейін қаулаған саңырауқұлақтай» қаулатып өсіріп жатқан мемлекеттің ұстанып отырған саясаты. 1984 жылдан бері аралас мектептердің мәселесімен тікелей айналысып келе жатқан жазушы Марат Тоқашбаев: «*Аралас мектеп – отаршылдықтың қазақ жеріне қойған қамалы. Сол әлі күнге дейін жойылмай келеді. Қазақстанда қазақ халқының саны 70,2% болды. Яғни, қазақтың саны жалпы халық санының 2/3 бөлігінен асты. БҰҰ-ның қағидаттарында жергілікті халық барлық халықтың 2/3 бөліннен асса, ол көпұлтты боп саналмайды. Демек Қазақстан – моноұлтты мемлекет. Сондықтан қазақ мектептерінің басым болуы – әбден құптарлық іс. 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап аралас мектептерге бала алуды тоқтатқан дұрыс. Сонда он жылдың ішінде өз-өзінен қазақ мектебіне айналып кетеді, – дейді.*

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Аралас мектептің санын артыру – ұлтты жоюдың бірден-бір жолы» дегенді кешегі кеңестік кезеңде айғайлап айтып еді. Одан сабақ алған тәуелсіз Қазақстанның билігін – отызда көрмедік. Мемлекеттік тіл үшін шырылдап жүргендер де орыс мектептері түгелдей жабылсын деп жатқан жоқ. Керісінше, аралас мектептерді жауып, халық сұранысы бойынша қазақ, яки, орыс мектебін қайта құруды, орыс мектептерінде орыс тілі мен орыс әдебиетінен өзге пәндер мемлекеттік тілде оқытылсын деп талап қоюда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында мектептерде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру басты бағыттардың бірі бірі екенін айта келіп: «*Біз мемлекеттік тілдің мәтебесін көтеру бағытындағы жұмыстарды үздіксіз жалғастыра береміз*», – деп айтқан-ды. Алайда одан қорытынды шығарып жатқан жергілікті билік жоқ. Мәселен, Талғар ауданындағы мектеп дауына байланысты № 9-шы орта мектептің бір топ ұстазы жаңа мектепті аралас мектеп жасауға қарсы үн көтеріп, қазақ тілінде білім алғысы келетін оқушылар мен ата-аналардың уәжіне аудан басшылығы мен білім бөлімі құлақ аспай отырғанын айтуда. Жаңа мектеп орналасқан аумақта өзге ұлт өкілдері жоқтың қасы. Бірде-бір ата-ана баламызға аралас мектеп керек деп шағымданбаған. Сонда елдің ұсынысын тыңдағысы келмейтін аудан әкімі мен ауданның білім бөлімі Президенттің халық үнін тыңдайтын билік боламыз, халық үніне құлақ түріңдер деген тапсырмасын неге орындамайды. Осы дау-дамайдан кейін Талғардағы жаңа мектеп таза қазақ тілінде болатын болды деген жаңалық-ты ғаламтордан оқып, мұғалімдер мен ата-аналардың қалауы орындалыпты деп қуаныштарына ортақ болғамбыз. Мәселенің мән-жайын білмек болып, осы мектеп үшін күресіп жүрген Қамнұр Тәлімұлына хабарлассақ, «*Әлі толық шешілген жоқ, іс – сиырқұймшақтанып тұр. Жақында үлкен жиын өткіземіз. Соған атсалысыңдаршы*», – деп жыларман болды. Міне, өзге ұлт емес, қазақты аяғынан шалып тұрған өзіміздің қазақ, жергілікті атқамінерлер. Осыдан кейін өзге ұлт бізге не істемейді. Жезқазған қаласындағы сауда үйінің қожайынына мемлекеттік тілде жауап жазуды өтінгендерге: «Жезқазған – орыстың жері» деп кібіжінбегенде қайтеді. «Өзіңді-өзің жаттай сыйла, жат жаныңнан түңілсін» деген тәмсілді қазақ еріккеннен айтқан жоқ шығар. Алтын сандықтың үстінде отырып не байлығының, не мемлекеттік тілдің қызығын көре алмаған Қазақстанның болашағы қандай болмақ. Көрші Қырғыздардың Ата Заңында мемлекеттік тіл – қырғыз тілі, ресми тіл – орыс тілі деп жазылған. Бірақ олардың шенді-шекпенділерінің барлығы өз ана тілдерінде сөйлейді. Тіпті, депутаты телеарнада «Балапан» бағдарламасын көріп жүрген балалары қазақша сөйлеп жүргенін жиында айтып еді, түтіп, жеп қоя жаздады. Ақпарат құралдары у шу болды. Мемлекеттік тіл үшін шендісі де, халқы да өре түрегелді. Міне, ұлттық мүдде жолындағы күрескерлер. Ал бізде «Асықпаған арбамен қоян алады» деп, ұлттық мүддені, ұлттық намысты ысырып қойып орыстың орманынан шыға алмай жүрміз. Жалтақтау, үрейлену басым. Ал олар «Ұға берсең, сұға береді» дегеннің керін жасауда. Батыс Қазақстанда қазақтың нанын жеп, суын ішіп жүрген аққұлақтар Павлодар Петропавл, Оралды, Ресейге беруіміз керек деп, ұлтараздықты қоздырды. Біздің үркектігімізді біліп алған ресейлік депутаттар көрінде өкіргір Жириновский бастаған ашкөзділерді қостағандар «Бізбен санаспасаңдар, Украинаның кебін киесіңдер» деп кіжінеді. Осының барлығының түп төркінінде білім саласы әрі ұлттық идеология жатыр. Қазақ мектептері азайып, аралас мектептер көбейіп, он жылда елде қазақ мектебінің саны бар-жоғы 4-ке көбейсе, аралас мектеп бірден 339-ға артқаны жайлы сұрақтарға Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов: «*Мен бұл мәселе жөнінде өз позициямды бірнеше мәрте айтқанмын. Әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарында да жарияладым. Қазіргі уақытта қазақ тілінде білім алу үшін бізде барлық жағдай жасалған. Қазақ тілінде білім алатындардың деңгейі төмен емес, жоғары болмаса. Қазақ тілінде білім алу үшін педагогтардың саны да, сапасы да жеткілікті. Оған тиісті мазмұны да сәйкес келеді. Сондықтан қазақ тілінде білім аламын дегендерге барлық жағдай бар. Соның арқасында бүгінгі күні оқушылардың 70 пайызға жуығы қазақ тілінде біліп алып жатыр*», – деді.

Аралас мектепте оқыған баланың тәрбиесі де, тілі де орысша болып кететінін көріп отырмын деген министр орысша білім алған балалардың басым көпшілігі ЖОО-ға тапсыру үшін көрші Ресей елін таңдайтынын және сол елге қызмет ететінін жеткізді. Осы тұста, 2005 жылы Бекарыс Шойбековтің Мемлекеттік тіл туралы айтыста айтқан өзекті ащы сынын ел назарына ұсындық.

«Өз тілінде сайраушы еді торғай да әлгі,
Торғай құрлы болмадық, қол байлаулы.
Депутаттар қазақша білсін деген,
Айталының айтқаны болмай қалды.
Қырық бірдей деттутат қарсы шығып,
Қалаулым деп жүргенің сорға айналды.
Қырық бірдей кесірдің кесірінен,
Тілімнің бағы тағы жанбай қалды.
Бұл өзі Ата заңға қайшы екен деп,
Тыныш жатқан халықты алдай қалды.
Ата заң ол Алланың аяты емес,
Не болса сол кезінде заңға айналды.
Халқының мүддесіне қарсы келсе,
Отқа жағу керек қой ондай заңды...»

дегені бар-ды. Жаңа Қазақстан құратынмыз рас болса, референдумға бір кісідей атсалысып, мемлекеттік тіл – қазақ тілін төрге шығарып, Ата Заңдағы орыс тілін алдырып, ескі Ата Заңды Бекарыс ақын айтқандай отқа жағу керек. Ол аз десеңіз, ақын Қадыр Мырза-Әлидің: «Адамның аузына бір емес, бірнеше тіл сияды. Ал ана тілің сыймаса, онда қазақ болмай-ақ қой»

Қазақ боп туғаныңа өкінбе,
Қазақ боп жарыта алмағаныңа өкін.

Қазақ тауда тұрса, ақ бұлтпен де,
Шетте жүрсе, жат жұртпен де көрші бола біледі.
Қазақты үш жүзге бөліп,
Екі жүзді қылмаған Құдайға рақмет.
Байлық іздеп жүргенді көрдім,
Билік іздеп жүргенді көрдім,
Бақыт іздеп жүргенді көрдім,
Ақыл іздеп жүрген қазақты көрмедім.

Кісілік кісі таңдамайды. Ол қой бағып жүрген қатардағы қазақтан бастап, ел басқарып жүрген елеулі азаматтарға шейін, бірде біреуін жатырқамайды. Бірақ ол екінің біріне бұйырмайтын, адамның адамына ғана, соның жүрегіне ұя салатын қымбат қасиет» деген өсиетін қайда қоямыз. Неге қазақты қазақ аяқтан шала береді. Ұлт болып ұйыссақ, тілімізді, ділімізді, салт-дәстүрімізді жаңғыртсақ, Жаңа Қазақстан құрсақ дейміз. Алайда ұлттық мүддені ойламай өз ана тілінен жерігендер ресми тілмен көгеріп, көктегісі келеді. Ұлттың ұлт болып қалыптасуына мемлекет, сол мемлекеттің құзырында қызмет жасап жүрген шенділер заң шеңберінен шықпаймыз дейді. Алайда, жемқорлық жасағанда заңды айналып өтеді. Ұлттың мүддесі сарапқа түскенде заң аясында шешеміз дейді. Жөн-ақ, Ата заң – Алланың аяты емес қой, халық қалап тұрса, заң тармағын неге өзгертпеске?!

Айтақын МҰХАМАДИ

Дүйсенбі - Понедельник, 9 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.30 Әнұран
06.05, 02.10 «Жәдігер»
06.25 «Masele»
07.05, 01.15 «Ұлы дала ұлағаты-2»
07.35 «Ақиқат пен аңыз»
09.05 «Таусылмас тағзым»
10.00, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 «Қазақтың қаһарман қызы»
13.15 М/ф «Аладдин»
14.50 «Анаға апарар жол»
17.05 «Қаһарман қыздар»
17.30 «Көңіл толқыны»
20.00 Конецерт «Arnau»
22.25 Т/х «Жат мекен»
00.20 Д/ф «Рахымжан Қошқарбаев»
00.45 «Ұлы жеңіс – ұрпаққа аманат»
01.45 «Қаһарман қыздар»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Кино. «Спасти Ленинград»
07.00 «Бауыржан Момышұлы»
09.00 «Әсем әуен»
10.00 «Ратай Сұлтанбеков»
10.45 «28 Панфиловцев»
12.45 «Дала қырандары»
15.15 «Әлия Молдағұлова»
16.00 Кино. «Шырақшы»
18.00 Мегахит «Время возмездия»
20.00 «Ер есімі – ел есінде»
21.35 «Кебенек»
00.00 «Ана туралы баллада»

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.20 «Жеңіс әндері»
12.10 «Алдараспан»
15.00 «Место встречи изменить нельзя»
19.25, 01.45 «Астана кеші көңілді»
21.00 Т/х «Қара ниет»
23.50 Худ/ф «АКИМ»
03.00 «SarapTimes»
03.50 «Үздік әзілдер»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша City»
06.50, 03.25 «Тамада Battle»
07.50 «Отряд особого назначения»
09.15 «Летят журавли»
11.00 Худ/ф «Блиндаж»
14.40 Худ/ф «Операция Дезиртир»
18.30, 02.10 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 «Светлой памяти павших в борьбе против фашизма»
20.45 Худ/ф «Летчик»
22.40 Худ/ф «Подольские курсанты»
01.10 «Хиромант. Линии Судеб»
02.40 «Паутина»
04.10 «Тамаша City»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 «Бір кем дүние»
09.20 «Юморина»
11.30 «Неотправленное письмо»

15.30 «Верни мою любовь»
17.30 «Мұңды лызғар»
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 OZAT ОТБАСЫ
21.00 Вечерние новости
21.30 «Зулейха открывает глаза»
23.30 «Сестренка»
01.10 «Верни мою любовь»
02.00 «Мұңды лызғар»
03.30-04.00 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ

07.05 Д/ф «Отан соғысының батырлары» 1-бөлім
07.30 «Таңжарық» /Мерекелік шығарылым
09.00 Апта
10.50 Д/ф «Екінші дүниежүзілік соғысы»
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
11.50 Д/ф «Отан соғысының батырлары» 2-бөлім
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40«Жеңіс күні» концерті
13.00 Новости
13.30 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.00 «Жанашыр»
20.30 Қорытынды жаңалықтар/Арнайы шығарылым
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости/Специальный выпуск
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Дәрігер кеңесі»
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00, 02.20 Әзіл студио
07.00 Ризамын
07.30 31 әзіл
09.00 «Маша и медведь»
10.00 «Пираты! Банда неудачников»
12.00 «Танцор диско»
15.30 «Тайна печати дракона»
18.10 Худ/ф «Каратэ-пацан»
21.00 «Охотник на монстров»
23.00 Концерт «Алдараспан»
01.00 «Базарбаевтар»
04.00 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
07.20, 00.00 «Московские тайны»
11.20 «Снег и пепел»
15.20 «Гадалка»
16.20, 02.00 «Дылды»
17.30 «Женский доктор»
18.30 «Исправленному верить. Паутина»
22.20 «Шымкент-шоу»
02.30 «Тамаша»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна Online»

Открылось наследство после смерти Бельгужанова Аблая Елсугалыевича, умершего 10 октября. 2021 г. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А. С., г. Талдыкорган, ул. Шевченко, д. 146/4, т : 41-37-73, со дня выхода объявления в течении месяца.

Сейсенбі - Вторник, 10 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.30 Әнұран
06.05, 01.35 «Жәдігер»
06.25, 00.45 «Көңіл толқыны»
07.40 «Анаға апарар жол»
10.00, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 М/ф «Аладдин»
13.30 «Уақыт жолдары»
15.10 Д/ф «Рахымжан Қошқарбаев»
15.40, 20.00 «Концерт»
21.30 «Орман иесі»
22.25 Т/х «Жат мекен»
23.20 «Әзіл әлемі»
00.20 «Қаһарлы күндер»
02.00 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Кино. «Шырақшы»
07.00 «Бауыржан Момышұлы»
09.00 «Концерт»
10.45 Мегахит «Время возмездия»
12.45 «Дала қырандары»
15.15 «Хиуаз Доспанова»
16.00 «Дорога к матери»
18.30 «Майдан хаттары»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Ерекше бақылауда»
20.45 «На особом контроле»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 «Кебенек»
00.00 «Әлия»

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.30 «Томирис»
15.00 «Место встречи изменить нельзя»
18.30 «Шымкент-шоу»
21.00 Т/х «Қара ниет»
23.50 Т/х «Қорғансыз ханшайым»
01.10 Худ/ф «Аким»
03.00 «Үздік әзілдер»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша City»
06.45 «ТойЗаказ»
07.10, 02.40 «Паутина»
08.00, 03.25 «Тамада Battle»
09.00 «Лучше всех»
10.30 Сериал «Жди меня»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 02.15 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 «Невский. Тень архитектора»
00.20 «Молчание»
01.20 «Хиромант. Линии Судеб»
04.10 «Тамаша City»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Бір кем дүние»
09.00 OZAT ОТБАСЫ
09.50 Новости
10.30 «Сестренка»
12.30 «Зулейха открывает глаза»
14.30 «Самый лучший муж»
15.30 «Верни мою любовь»
17.30 «Мұңды лызғар»
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 OZAT ОТБАСЫ
21.00 Вечерние новости
21.30 «Зулейха открывает глаза»
23.40 «Морские дьяволы»
23.30 «Сестренка»
01.10 «Верни мою любовь. Рубежи Родины»
01.30 «Верни мою любовь»
02.20 «Мұңды лызғар»
04.00-04.30 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
10.35 Инфо-блок
10.45 Мәдениет жаңалықтары
10.55 «Қазақ үні»
11.30 «Жанашыр»
11.55 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
14.55 Инфо-блок
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Бауырым - қанатым» концерті
20.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
20.30 «Жан сырым» концерті
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 02.20 Әзіл студио
07.00 Ризамын
07.30, 23.00 31 әзіл
08.00 «Танцор Диско»
11.00 М/ф «Роботы»
13.10 «Мэри. Поппинс возвращается»
16.10 Худ/ф «Каратэ-пацан»
19.10 «Охотник на монстров»
21.10 Худ/ф «Черный Дрозд»
01.00 «Базарбаевтар»
04.00 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.30 «Серт пен Сезім»
07.30 , 22.30 «ҚАДАМ»
08.30 «Оян,QAZAQSTAN»
09.00, 23.20 «Московские тайны»
13.00 «Шымкент-шоу»
15.20, 01.20 «Гадалка»
16.20, 02.00 «Дылды»
17.30 «Женский доктор»
18.30 «Спасти Веру»
19.00 «Студия 7»
21.30 «Аппақ келін»
02.30 «Тамаша»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна Online»

Сәрсенбі - Среда, 11 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.15 Әнұран
06.05, 02.55 «Жәдігер»
06.25 Деректі фильм
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.25 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 Т/х «Ынтымақ ауылы»
13.10 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Ұлт мақтанышы»
15.40 «Ауылдастар»
16.10, 21.30 «Орман иесі»
17.15 «Қызық екен»
20.35 «ASHYQ ALAN»
22.25 Т/х «Жат мекен»
23.20 «1001 Түн»
01.00 «ASHYQ ALAN»
01.50 Теледәрігер

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Кино. «Дорога к матери»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Эффект колибри»
12.00 «Шашу»
13.00, 22.30 «Құсайыновтар. Өмір жолы»
15.00 «Бүгін»
16.00 «Жена – не стена»
18.00 Мегахит «Курьер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Біздің назарда»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 «Кебенек»
00.00 «Сырты бүтін»

АСТАНА

06.00 Т/х «КЭБЭК»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.20, 02.10 Т/х «Ұлым»
12.10, 23.50 «Қорғансыз ханшайым»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 «Жаңа күн»
15.35, 04.40 «Келіндер»
17.00 «Кенже»
17.35 «Кішкентай келін»
18.30, 01.00 «ЕНЕ»
20.00, 03.45 «Astana times»
21.00 Т/х «Әйел тағдыры»
03.00 «Айтарым бар»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.50 «Тамаша City»
06.45 «ТойЗаказ»
07.25 «Жить здорово!»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан»
10.15 «Дед Морозов»
14.00, 02.15 Новости
14.15, 02.30 Жаңалықтар
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.20 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 «Невский. Тень архитектора»
00.20 «Молчание»
01.20 «Хиромант. Линии Судеб»
02.35 «Паутина»
04.35 «ТойЗаказ»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Бір кем дүние»
09.00 OZAT ОТБАСЫ
09.50 Новости
10.30 «Морские дьяволы. Особое задание»
12.20 «Зулейха открывает глаза»
14.30 «Самый лучший муж»
15.30 «Верни мою любовь»
17.30 «Мұңды лызғар»
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 OZAT ОТБАСЫ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Зулейха открывает глаза»
23.40 «Морские дьяволы. Рубежи Родины»
01.30 «Верни мою любовь»
02.20 «Мұңды лызғар»
03.50-04.20 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
10.35 Инфо-блок
10.45 Мәдениет жаңалықтары
10.50 Инфо-блок
11.00 «Сегодня»
11.30 «Бүгінгі дін»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
14.55 Инфо-блок
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир
20.00 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00 Ризамын
07.30 31 әзіл
08.30, 01.30 «Ханшайым»
09.30 «Маша и медведь»
12.00 «Мэри Поппинс возвращается»
15.00 Худ/ф «Черный Дрозд»
17.00 Кино. «Думай как собака»
19.00 Сериал «Кухня»
20.00 Информбюро
21.00 «Честно говоря»
21.10 Т/х «Ұшқан Ұя»
22.05 Худ/ф «Комната страха»
00.30 «Анупама»
02.10 Сериал «49 КҮН»
04.00 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.30 «Серт пен Сезім»
07.30 , 22.30 «ҚАДАМ»
08.30 «Оян,QAZAQSTAN»
09.20, 16.20 Т/х «Дылды»
10.00, 17.30 «Женский доктор»
11.20, 19.30 «Спасти Веру»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Q-Елі»
14.30 «Зың-зың Күләш»
15.20, 01.20 Сериал «Гадалка»
18.30, 01.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
21.30 «Аппақ келін»
23.20 «Московские тайны»
02.30 «Тамаша»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна Online»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАҢА КІТАП

ІЗГІЛІКПЕН ӨРІЛГЕН «ІЗГІЛІК ТАМШЫСЫ»

СӨЗ ӨНЕРІ – КИЕЛІ ӨНЕР... ЖАЗУШЫЛЫҚҚА БЕТ БҰРЫП, ОҒАН КЕЛУ ДЕГЕН – ОҢАЙ ДҮНИЕ ЕМЕС. БҰЛ ҮШІН ДЕ АДАМ БОЙЫНДА ЕРЕКШЕ ДАРЫН БОЛУЫ КЕРЕК. ЖАЗУШЫ ЖАСАМПАЗДЫҒЫ – ТАМШЫЛАҒАН ІЗГІЛІКТІҢ КӨРКЕМДІК ДЕП АТАЛАТЫН ШЕКСІЗ, ШЕТСІЗ ӘЛЕМГЕ ТАРТҚАН ҰЗАҚ САПАРЫ. КӨЗГЕ КӨРІНБЕС АДАМ ЖАНЫНЫҢ САН ТҮРЛІ ҚҰПИЯСЫН АШУҒА, ҚАЛАМГЕР – ТАМШЫЛАҒАН ТЕР, ҮЛКЕН ЕҢБЕК ПЕН ТАЛАНТЫН САРП ЕТЕДІ.

Жақында журналист-жазушы Назым Дүтбаеваның «Ізгілік тамшысы» атты тұңғыш жинағы жарық көрді. Осыған орай күні кеше Талдықала төрінде, М. Тынышпаев атындағы Өлкетану мұражайында жаңа кітаптың таныстырылымы болды. Әдеби шара Janr Ádebı Klýby-ның ұйымдастыруымен оқылым форматында өтті.

Кеште жаңа кітаптан алынған «Бейсенханнан қалған белгі» атты әңгімесі оқылды. Әдеби шараға жиналған қауым керемет күйге бөленіп сала берді. Әсіресе, шығарманың жетіген үнімен әрленуі тіптен өзгеше, әңгімені нақышына келтіріп оқыған Гүлбақыт Қасен, Сағыныш Намазшамова, Торғын Тұрлыбаева және Айғаным Айтақынның үні тыңдарман құлағының құрышын қандырды десек болады.

Жазушының алғашқы жинағының тұсаукесеріне әдебиетте жүрген ағалар мен

әпкелер, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері, бірге жұмыс істеп жүрген әріптестері, жанына жақын достары мен шығармашылығымен таныс оқырмандар келді.

Оқылымнан кейін «Сыр сандық» бөлімі бойынша авторға арналған сауалдар қойылды. Оның ішінде қаламгердің шығармашылығына байланысты, өмірдегі ұстаным мен қағидаларға байланысты сұрақтар жасырылыпты.

«Өзіңіз әдеби ортада жүрсіз, шығармаларыңыз неге аз?» деген сауалға жазушы: *«Жазушылар одағына 21-22 жас шамасында бардым десем қателеспеймін. Ол жерде поэзия бөлімінде марқұм Әмірхан Балқыбек, Құрман Рамазан деген ағаларыммен бір кабинетте отырдым. Сол кездерде Құрман ағаның алдында өте көп проза, ал, Әмірхан ағамның алдында биіктігі үш қатар поэзия жататын. Ол кісілер кейде поэзия мен прозаны іріктеуді маған тапсырады. Шығармаларды іріктеп отырып, сонда поэзияны оқығаннан кейін талғам деген дүниенің соншалықты аласарып кеткенін және поэзияға келгенде талғаммен келмесең болмайтынын түсіндім. Неше түрлі өлеңдерді оқыдым, оның ішінде ақ өлең де болды, өлең деуге келмейтіндері де бар еді. Соларды көргеннен кейін ойым өзгергендей болды, сондықтан өлең жазбай кеттім... Ал прозаны іріктеуден өткізуге шынымды айтсам, шама-шарқым келген жоқ. Одан кейін мықты әдебиет майталмандарының арасында жүргендіктен тартыну көбірек болып, журналистика саласымен айналысып кеттім. Кейін алдыңғы аға буын Жұмабай Шаштайұлынан біраз нәрсе үйреніп, прозаға сәл икемделген шығармаларды жаза бастадым»*, - дейді қаламгер.

Автор қанша уақыттан бері әдебиет әлемінде жүрсе де, алғашқы жинағын енді жазып шығуы, оның бұл салаға немқұрайлылықпен қарамағанының белгісі екенін ұқтық. Сөз қадірін түсіне білетін адамға жауапкершіліктің салмағы қашан да ауыр.

Әңгіме оқылып, түрлі сауалдар қойылған әдеби кештің үшінші бөлімі аға буын өкілдерінің ақ-жарма тілектерімен өрбіді. Алғашқы сөзді І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ұстазы Дәулеткерей Мәлік алды:

«Назым Дүтбаеваның шығармашылығына байланысты осы кездесуге келдік. Мен өзім өте керемет әсер алып отырмын. Біз әңгімелерді көп оқығандықтан ішінен бір көркемдік іздейміз, мен сондай күйде болдым. Ал осында келгенде мына жинақты оқып отырған әпке-қарындастарымыз дәл сол мен іздеген көркемдіктің бәрін әсерлі жеткізді. Оған өздеріңіз де куәсіздер.

Назым – ең біріншіден, шығармашылықтың адамы, жаны нәзік. Бұл кісі әйел заты болғандықтан қоғамда болып жатқан оқиғалардан тыс қалмағаны біліну тұр. Төрт туындысын да алып қарасаңыздар, іздейтіні бір элемент, бұл – әйел бақыты. Өзінің жанына батқан бір дүниелерді қаламынан туындатып, қоғамда өзіндік үлесін қосу үшін талпыныс жасайды. Мен бұл кісіге сын-пікір айтқаннан гөрі, осы шағын жинағы арқылы қоғамға қандай үлес қосқанын айтуды жөн көрдім. Назымға алғыс білдіргім келеді. Алыстан алмай-ақ қоғамдағы болған және болып жатқан оқиғаларды жай ғана суреттеген», – деген ол осы туындыны оқыған жандар өздеріне бір ой түйсе екен деген ниетте.

Қанша адам болса, сонша түрлі пікір болады. Мұнда жиналған оқырман да өзінше бір ой түйгені анық. Кештің келесі сөз кезегі жазушы Асхат Өмірбаевқа берілді.

«Назым ханымның төрт әңгімесін де бірнеше қайтара оқып шықтым деп айтуға болады. Әңгімеге арқау болған тақырып

ананың тағдыры, әйел бақыты, ұрпақ тәрбиесі. Қазіргі таңда мансап қуып, бала тәрбиесіне көңіл бөлмеген кей әйел затына мына әңгіме ой салар деп ойлаймын.

Мен әріптесім секілді туындыда бәрі жақсы деп айта алмаймын. Өйткені автордың әңгімелерінен публицистикалық сарынды байқадым. Кей жерлерде ойын жеткіземін деп құрғақ баяндауға да кетіп қалған сәттер бар. Бірақ көркемдіктен ада деп те айта алмаймын. Тек келешекте тағы әңгіме жазып жатса, осы тұсын ескерсе екен деймін. Ал оқырманға баяндаудан гөрі, оны кейіпкердің мінез-құлқымен көрсеткені жөн деп ойлаймын. Журналистика саласында істегендіктен прозаға бет бұру қиындықтар тудырады. Біз керемет жазушымыз деп айта алмаймын, қателік бәрінде болады. Мен шын жанашыр ретінде осындай кемшіліктерді қайталамасын деген ойымен айтып отырмын. Қадамыңыз сәтті болсын!», – деп өзінің азғантай сынын айтып, жазушыға сәттілік тіледі.

Автор әңгімесін жазуда кеудесіндегі сезім мен сырды көптің көңіліне мейлінше әсерлі жеткізудің сан алуан жолын іздеп, тынымсыз еңбектенгені шығармадан байқалады. Ондағы әрбір деталь сонау ұмыт қалған баяғыдағы салт-сананы оқырманға ашық түрде, қарапайым, жеңіл тілмен жеткізеді.

Әдеби кешті облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы, ақын Әміре Әрін қорытындылады:

«Назыммен осы уақытқа шейін араласып көрмедім. Оны тек әлеуметтік желідегі жазғансызғандарымен, қоғамда болып жатқан өзгерістерге айтып жүрген жүрек пайымдары арқылы білемін. Содан ойлайтынмын, тілі бай, ойы анық, өзіндік азаматтық позициясы бар, ұстанымы берік осы бала жазушы болу керек қой деп. Мына кітаппен бүгін танысып отырмын. Айтарым, мен шала шатыстырмаған екенмін. Шараға келер болсақ, ұйымдастырған азаматтарға да, әңгіме оқыған қыздарға да, тіпті, әңгімені сүйемелдеп отырған қызға да алғыс! Мына жерде, мына лирикалық туындыны естіп, орнымыздан тұрып Абайдың әнін шырқап кете жаздап отырдық. Адам өсуі үшін осындай орта керек. Дос жылатып, дұшпан күлдіріп айтады дейді. Кез келген адамды маңдайынан сипап отырып, сипай қамшылай отырып, жайлап жеткізу керек. Осындай жанашырлық, достық ақ-жарма пейілмен айтылған дүние өзінің нысанасына тиеді. Шығармада публицистикалық сарын бар дейсіздер, қазір мына өмірдің өзі публицистика болып кетті ғой. Адамның өзінде көркемдік азайып бара жатыр, маған қоғамның өзінен көркемдікті тауып берші?! Назым элементті қосайын деп қоспайды, ол өзінің мамандығы, оның ойында осы сарын жатыр, ал оны саналы түрде қоспауға ұмтылса – таза классик болады. Мынадай табиғатпен қаншама туындыны дүниеге әкелуге болады. Енді, Назым осындай кештен кейін серпіліп қолындағы қаламын ары қарай да ұстайтын болса, ғаламат жазушыға айналары анық» – деді ақын ағамыз ағынан жарылып.

Жазушының қаламынан туған көркем әңгіме көп емес. Осы шағын ғана дүниесінде аз болмаған көркем ойларын шеберлікпен

жеткізген автордың жинағы өзіндік стилімен құнды. Мұндағы қаламгердің шеберлігі – көркем ойды ұсынуда ғана емес, сол ойды оқырман түйсігіне жеткізе білуінен көрінді.

Әдеби кешке жиналған оқырман қаламгерге сәттілік тілеп, алдағы уақытта мұнан да шоқтығы биік шығармаларды күтетіндерін айтып, жылы лебіздерін білдірді.

Арайлым НҰРЖАПАР

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕЛ ТЫНЫСЫ

ГҮЛДЕНСЕ АУЫЛ,

ТУҒАН ӨЛКЕ ӘРБІР ЖАН ҮШІН ЖҮРЕК ТҮКПІРІНЕН ОРЫН АЛАР КИЕЛІ МЕКЕН. СОЛ СЕБЕПТІ БОЛАР, АУЫЛ ЖАЙЛЫ ЖАЗҒАН НЕМЕСЕ СӨЗ БАСТАҒАН ЖАН ҮШІН НЕ АЙТСА ДА, ҚАЛАЙ АЙТСА ДА БІР НӘРСЕ ЖЕТПЕЙ ТҰРАТЫНДАЙ БОЛАРЫ ХАҚ. АУЫЛДЫҢ ТАЗА АУАСЫН, ТҰНЫҚ СУЫН, ТІЛ ЖЕТПЕС СҰЛУЛЫҒЫН ЖЕТКІЗУГЕ КЕЛГЕНДЕ КӨБІМІЗ СӨЗ ТАППАЙ, АБДЫРАП ҚАЛАТЫНЫМЫЗ ТАҒЫ БАР. ДЕСЕ ДЕ, ТУЫП-ӨСКЕН АУЫЛЫМ ЖАЙЛЫ ҚАЛАМ ТЕРБЕУДІҢ СӘТІ ТҮСТІ.

Талай жылды артқа салып кіндік қаның тамған жеріңе табан тіреу, ондағы ел-жұртпен жүздесу жүректі толқытпайды деп айта алмаспыз. Қаладан аудан орталығына келген бізді Ойтоған ауылдық дәрігерлік амбулаториясының қызметкері, жедел жәрдем көлігінің жүргізушісі Сержан ағамыз жылы шыраймен қарсы алды. Осылайша көлік тізгінін тартқан ағаның машинесіне жайғасып, ауылға қарай бет түзедік. «Адам сөйлескенше...» демекші, ағамен әңгімелесуде ауылдың өткені мен бүгіні туралы біраз мәлімет біліп, көкейге түйіп алдық. Ауылға кіре берісте қоғам қайраткері І. Жансүгіровке арналып қойылған ескерткішке аялдадық. Бұл ескерткіш туралы да Сержан ағамыз қысқаша баяндап берді.

Күн төбеге көтерілмей ауылға ат басын тіредік. Біз келгенде округ әкімі Венера Берікқызы аудан орталығындағы жиналысқа кетіпті. Дей тұрғанмен ауылдағы дәрігерлік амбулатория, мектептің ұйымшыл ұжымы ауыл тірлігі туралы кеңінен баяндап, өткен тарихы жайынан да сыр шертті.

* * *

ОЙТОҒАН елді мекені. Жыр дүлдүлі Ілияс Жансүгіров туған ауыл. Қобызын күмбірлеткен Молықбай күйші, арынды ақын Толғанбай, есімдері ел аузында жүрген Шоңды, Құлдыбай, Әбсалаң, Қарабай, Болатшы, Смағұл, Саурық, Сұранбай тағы басқа да айтулы азаматтар өрбіген киелі мекен. Аудан орталығынан солтүстік-батысқа қарай 50 шақырым жерде, Ақсу өзенінің жағалауында бозғылт сұр топырақты, қуаң-шөлейт белдемде орын тепкен елді мекеннің жер көлемі 0,9 мың шаршы шақырымды құрайды. Округ орталығы болып табылатын Ойтоған ауылына Үлгілі елді мекені кіреді. Мыңнан аса халқы бар округте І. Жансүгіров атындағы орта мектеп, ауылдық дәрігерлік амбулатория, кітапхана, пошта бөлімшесі, учаскелік тірек пункті, мал дәрігерлік пункт, наубайхана және екі бірдей сауда орыны елге қызмет көрсетуде.

Тарихқа көз сүзсек, осы ауылдан шыққан Есенаман Балабеков, Оспан Әділбеков, Қайролла Рахметов, Шамай Шынасылов, Солтанғазы Сүлейменов, Нұрмолда



Жілікбаев сынды азаматтар аудан және облыстық мекемелердің басшылары болып еңбек етіпті. Осылардың арасында Ш. Шынасылов министрлік қызметке дейін көтерілген. Алайда, бұлардың бәрі сталиндік қуғын-сүргінге ұшырапты.

1936 жылдарда қазіргі ауыл аумағында «Қызылтаң», «Тесіктоған», «Молотов атындағы», «Жаңалық», «Белтоған» «Бұрған», «Үлгілі» «Наутоған» секілді ұжымшарлар болыпты. 1937 жылы барлық ұжымшар бес шаруашылыққа біріктірілсе, осы шаруашылықтар ішінде «Үлгілі» аудан көлемінде экономикасы, мәдени-әлеуметтік жағынан ең озық болып табылған. Ал, 1957 жылдың басында Молотов атындағы және «Қызылтаң» ұжымшарлары біріктіріліп, «Қызылтаң» кеңшары құрылған. Оның алғашқы директоры К. Амандосов болса, кейін партком хатшысы Б. Болатбаев тағайындалған екен.Мұнан кейін директорлық қызметті А. Біржанов, С.Смағұлов, Н. Дәндібаев, Қ. Заманов, С. Садуақасов, Б. Жұмағалиев атқарса, кеңшардың көрікті мекенге айналып экономикасының өркендеп өсуі Н. Дәндібаев басқарған кез болыпты. Сол шақта қой саны 70 мыңнан асқан екен. Директорлық міндетті қалтқысыз атқарған Н. Дәндібаев Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланыпты. Ал, Қ. Замановтың тұсында үш қабатты мектеп, балабақша, машина-трактор жөндеу шеберханасы, клуб салынған. Оның бұл еңбегі бағаланып, «Еңбек қызыл ту» орденімен марапатталған.

Ауылдың бүгінгі тынысы да көш ілгері. Әр жылдарда округ әкімі қызметін атқарған басшылардан бөлек, ауылдан түлеп ұшқан кәсіпкер азаматтардың қолдауымен біраз игі істер атқарылыпты. Расында, кімнің де болса бір бүйірінде туған жері, оның бүгінгі ахуалы, ертеңгі болашағы жүргені жақсы емес пе?! Ойтоғанда мұндай азаматтар баршылық. Мәселен, кәсіпкер Ахат Боқанчиевтың демеушілігімен балалар футбол ойын алаңы салыныпты.

2019 жылы І. Жансүгіровтың 125 жылдығына орай арнайы ақын атындағы саябақ ашылса, өткен жылы аудан қаражатынан «Workout» алаңы бой көтерген. Мұнда спорттық жаттығуға арналған құрылғылар орнатылыпты. Демеушілердің көмегімен жасалынған дүниелердің бәрі ауылға көрік беріп тұр десек болады.

Тұрғылықты халықпен тілдесуде ауылға келетін тоған судың, мал жайылатын жердің тарлығы туралы айтып, осы мәселелер шешімін тапса екен дейді.

Іссапарымызда елді мекенге көрік берген ауылдық дәрігерлік амбулатория, І. Жансүгіров атындағы орта мектеп, кітапхана тынысымен де таныстық.

* * *

ЖЫР дүлдүлі Ілияс атамыздың атындағы орта мектептің басшылық қызметін атқарып келетін Дастан Сағынбаев осы шаңырақта білім алып, жоғарғы оқу орнын тәмамдаған соң туған ауылына қайтып оралған. 2003 жылдан бері еңбек етіп келетін оның директорлық міндет-ті атқарғанына жеті жылдай болыпты. Қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген Дастан Есімғалиұлының құдай қосқан жары да осы мектепте қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі болып қызмет ететінін де айта кетуді жөн көрдік.

Шынында да ауыл мектебі – ауыл әлеуетінің, ауыл мәдениетінің ерекше белгісі болып табылады емес пе. Ауылдың көркін кіргізген мектептің өткен тарихы



туралы әңгімелеген директор бізді біраз дүниеден хабардар етті.

Ақын атымен аталатын орта мектеп 640 орындық болып ашылғанымен, қазіргі кезде 136 бала білім алуда.

«*1965 жылы мектепке І. Жансүгіров аты беріліп, 1968-1969 оқу жылында 11 жылдық мектепке ауыстырылып, 1971 жылы іске қосылды. 1983 жылы Үлгілі орта мектебі ашылғаннан соң мектептің интернаты жабылды. Онда көбіне малшылардың балалары тұрып, оқыған еді.*

Мектептің алдыға қойған мақсаты – білімді ұрпақ тәрбиелеу, тәрбиелі-өнегелі балалар шығару. Қазіргі таңда ұжымда 34 мұғалім еңбек етуде. Оның ішінде 29-ы жоғары санатты, қалғаны орта білімді мұғалімдер. Мектебімізде ұзақ жыл бойы еңбек етіп, білім ошағының дамуына сүбелі үлес қосқан ұстаздар да жетерлік. Атап айтсақ, Бақыт Сәрсенбайқызы, Әлібек Қожабеков, Қасымбек Мұқанов, Жұмабике Қасымжанова. Осылардың арасында Ж. Шайболатқызы қырық жылдай осы мектепте жұмыс істеп, оның 20 жылында директорлық қызметті атқарды. Оның білім саласына қосқан үлесі мол», – деген мектеп басшысы өзі басқарып отырған мектептің бүгінгі тынысымен кеңінен таныстырып өтті.

Оның сөзінше, білім ошағында жалпы саны 22 кабинет бар болса, оның 18-і оқу кабинеті. Бұлардың бәрі заман талабына сай жабдықталған. Атап айтқанда, химия, физика кабинеттері модификациялық үлгідегі жабдықпен жабдықталса, алдағы уақытта биология мен география кабинеттерін де жаңа талапқа сай жабдықтау жоспарда бар екен. – *2017-2018 оқу жылында демеушілер тарапынан қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті жабдықталып, мектепте ұзақ жыл қызмет атқарып, директор болған Қасымбек Мұқановтың аты берілді. Мұны оның балалары, ұрпақтары келіп, сол кісінің атына беруді ұсынды. Бұл жерде интерактивті тақталар, жаңа көркемділік дизайндармен жабдықталған кабинеттер қызметін* атқаруда, – дейді Дастан Есімғалиұлы.

Үш қабатты мектеп ішін аралауда білім ошағының директоры 2016 жылы мектеп демеушілігімен мектепішілік мұражай ашылғанын айтты. Мұражай жұмысын жүргізуде 4 бағыт бойынша жұмыс жүргізіліпті. Балаларды зерттеу жұмысына тартуда бірінші бағыт бойынша ауылдың тумалары туралы мәліметтер, екінші бағыт – өңірден шыққан зиялылардың Ілиясты зерттеген еңбектері жинақталса, үшінші бағыт – Ойтоған ауылының табиғатын зерттеу жұмыстарына арналған, төртінші бағыт – ардагерлерді ардақтаудағы Ұлы Отан соғысына қатысқандар туралы мәліметтер жиыстырылған. Ал мұражай меңгерушісі болып тарих пәнінің мұғалімі Борангүл Хасенова бекітіліпті.

«*Бұл мұражайды осы мектептен түлеп ұшқан 1959 жылғы түлектер ашып берген еді. Төрт бағытта жұмыс жасайтын мұражайдың әр бағыты мектептегі балаларды шығармашылыққа баулу мақсатында ұйымдастырылған. Оқушылар Ілияс атамыздың өлеңдерін, поэмаларын оқып, осы 4 бағытта жұмыс жасайды. Қарап тұрсаңыздар бұл жерде оның бүкіл шығармалары, поэмалары, кітаптары бар. Осы шығармалармен дайындалған балалар облыстық оқуларға дайындалады, өз жандарынан арнаулар шығарады. Мектебімізде аптасына бір күн Ілияс шығармаларымен жұмыс жасалын*ады», – дейді Борангүл Меңтайқызы.

Мектеп ішін аралауда «Ілияс ізбасасарлары» деген атаумен өлең жазып жүрген оқушылардың, қолөнермен айналысатын балалардың және жас суретшілердің фотосуреттері ілінгенін көріп, көзайым болдық.

«Мұражай келген қонақтарды кіргізіп көрсету үшін ғана емес, сонымен қатар оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстармен айналысуға мүмкіндік береді. Балалар қазіргі аңда өздеріне қажетсіз қосымшаларға кіріп бейнежазба түсіріп, қажетсіз дүниелерді қарағанша зерттеу жұмыстарымен айналысқаны анағұрлым пайдалы ғой. Олар өздеріне берілген тапсырмалар бойынша ауылымыздың тарихы жөнінде, Ілияс биографиясы мен шығармашылығы туралы эссе жазу, бейнероликтер түсіру жұмыстарын жүргізеді. Кейін осының барлығын жинақтап, мұражайдың жеке сайтын ашып, сол жерге салсақ деген жоспарымыз бар», – деген мектеп директоры Дастан Сағынбаев жұрт таңғаларлық бір әңгімені тілге тиек етті.

Айтуынша, Үлгілі мен Қызыл таң ауылдарының ортасында Ілиястың Берсүгір атасының қыстағы болған. Жылда осы жерге оқушылармен саяхат жасалынады екен. – *Өзіміз атап кеткен Кіндікқоңыр деген Ілиястың туған жеріне Белгітас қойып кеткенбіз, болашақ ұрпақ Ілиястың кім екенін, оның қай жерде туғанын*

1941-1945 ж.ж Ұлы Отан соғысына ауылдан 241 ер азамат аттанса, оның 112-сі майдан даласынан оралмай қалды.

* * *

ЕСІМДЕРІ ЕЛ ЕСІНДЕ: Дәулетбек Әміренов, Өнербек Жарықбасов, Тоғжан Қыдырманов, Елужан Бейсекенов, Бидахмет Әбдилдин, Қазбек Қанатбаев, Қалқаман Әмірғожин, Саяқ Құрманбаев, Қабдікен Рысбеков, Күлән Нүсіпова, Қыдырма Рахметов – («Еңбек Қызыл Ту» орденімен); Қажыкен Ыдырашбаев – («Еңбек «және «Ленин» орденімен); Аманжол Әбәсілов, Дәрібек Алтынбеков, Нұрлыхан Ысқақов – (Ленин орденімен); Жақабыл Жәнәбілов – ІІ мәрте (Ленин орденімен); Қаржаубай Батқалов – І мәрте, Көшербек Бейсенбеков және Шаймұрат Нұрдәулетов – ІІ мәрте («Еңбек даңқы» орденімен), Айтқали Уалиев – (Құрмет белгісімен) марапатталды.

* * *

АУЫЛДАН ШЫҚҚАН БЕЛГІЛІ АЗАМАТТАР: Талапбек Сұлтанбеков (жазушы); Нұрмолда Жілікбаев (Қазақстан Компартиясы ОК жауап-ты қызмет атқарды); Құрманбай Жанбаев (шопан, Социалистік Еңбек ері атағының иегері); Сайлаубек Дүйсембеков (Қазақ ССР Жоғарғы кеңесінің депутаты); Мұратқали Нұғыманов (Батыс Қазақстан азаматтық орталығындағы әуе байланысы мекемесінің директоры болған); Ақшамбек Барысбекұлы (ҰҚК ұзақ жыл еңбек еткен, зейнеткер); М.Құлдыбаев (биология ғылымдарының докторы, С. Аубакиров – Ұлттық техника академиясының кафедра меңгерушісі); Серік Жәнәбілов (жазушы); Әбіләкім Жаңабаев (аудандық ауыл шаруашылығы басқармасынан нұсқаушы, тұтынушы қоғам бастығы әрі шаруашылықтарда бас есепші болған) .

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕЛ ТЫНЫСЫ

ГҮЛДЕНЕМІЗ БӘРІМІЗ

ұмытпас үшін орнаттық. Кіндікқоңыр аталуының себебі – Ілиястың кіндігі тамған қоңыр төбе деген мағынаға ие. Мұражайға сол белгітас Кіндікқоңырға қалай бару керектігін картаға түсіріп қойдық. Бұл карта сол белгітасты оңай табу үшін жасалынды. Кіндікқоңыр Үлгілі ауылынан 7 шақырым жерде орналасқан.

Бірде оқушылар зерттеу жұмыстарын жүргізгенде сол маңайдан жұмбақтас тауып алды. Бір қарасаң тастың бетінде бұлдыр бейнелер көрініп тұрады. Алайда оның бетін күнбағыс майымен ақырындап сүртіп қарасаңыз, Ілиястың суреттеген Жетісу суреттерін көресіз. Ағын су, бұлтқа бөленген тау шыңдары, қоңыр құм, жазық даланың бейнесі шығады – деген мектеп басшысына біз де көрейікші деп қолқа салдық. Расында да солай екен.

Бұл тастың әзірге шыққан дерегі жоқ, қайдан келгені, кім әкелгені белгісіз екенін айтқан директор І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Ілиястану бағыты бойынша ғылыми-зерттеу орталығы барын да айтып, сол жерде қызмет ететін Мұратбек Иманғазиев, Сайлау Қожағұлов ағалармен, тарихшы, журналист Қажет Андаспен осының төңірегінде зерттеу жүргізіп жатқандығын да тілге тиек етті.

Тасты «бізге беріңдерші» деп сұрап келгендер көп болыпты. Бірақ, бұл оқушылардың зерттеу жұмысы болғандықтан, ешкімге бермеген. Және сол Ілиястың Кіндікқоңырынан табылғандықтан, мектеп мұны «бізге қалған естелік» деп қабылдапты. Ал, тас 2016 жылы табылған.

Әңгіме желісінде Дастан мырза осы ауылдың тумасы, журналист Талғат Батырхановтың Ілиястың туған жері деп, Ойтоған ауылына арнап Елордадан бір көшеге «Ойтоған Оралымы» атын бергізгенін, оның естелік суретін өз қолымен әкеліп табыстап кеткенін мақтанышпен айтты.

* * *

МЕКТЕП дамуы, алға басуы мектеп басшысынан бастап, қызмет етіп жатқан мұғалімдердің арқасы десек асыра айтқандық емес. Соңғы бес жылда мектеп оқушылары республикалық, облыстық, аудандық олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындардан көрініп келеді.

Биыл мектеп бітірушілер саны алты бала. Өткен жылғы оқу жылында 10 бала мектепті тәмамдаса, екеуі қызыл аттестат иегері атаныпты. Олардың 6-уы грантқа оқуға түскен. Аудан бойынша білім сапасы, тәрбие жағынан мектеп көрсеткіші төмендемеген.

Білім ордасында 2019 жылдан бастап мектепке дейінгі шағын орталық жұмыс жасайды. Елу баламен қамтылған орталық кіші және орта топ болып екіге бөлінген. Онда төрт бірдей қызметкер жұмыс істейді.

Жоғарыда мектепте 136 баланың білім алып жатқанын айттық. Осы оқушылар арасында аз қамтылған отбасылардың балалары мектеп асханасынан тегін тамақпен қамтамасыз етіледі екен.

«Ілиястың мектебінде дәріс алып жатқан шәкірттерміз Ілияс оқуларына қатыспауы өте үлкен сын деп есептейміз. Сондықтан бізде 2015-2016 жылдардан бастап 2019 жылға дейінгі аралықта республикалық оқулардан 4 жыл қатарынан жүлделі болған оқушыларымыз бар. Биылғы Ілияс оқуларына қатысқан 8 сынып оқушысы Гаухар Әмірбек облыстық іріктеуден өтіп, республикаға жолдама алды. Оның ұстазы қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Әсем Шешенгелдинова. Бұл ғана емес, басқа ақындардың да, мысалы Абай оқуларынан Нұрила Тұрақ та облысқа жолдама алды. Өткен жылда да облыста өткен олимпиадалардан тарих, информатика пәндерінен жүлде алған оқушыларымыз бар. Сондай-ақ облыстан пән олимпиадасы бойынша жүлделі болып жүрген ұстаздарымызды да атауға болады. Мәселен, математика пәнінің мұғалімі Айгүл Абдрахманова, физика пәнінің мұғалімі Гүлжан Шатырбаева, қазақ тілі мен әдебиеттен беретін ұстаздар Әсем Шешенгелдинова, Ырысқан Тынысбек, информатика пәнінен беретін Қуаныш Оспанбек. Мектебімізде осындай мұғалімдер барын мақтан етеміз», – дейді мектеп басшысы.

2021-2022 оқу жылына 4 жас маман жұмысқа қабылданған. Олар ағылшын, орыс тілі, бастауыш пәндерінің мұғалімдері. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша келген мұғалімдер қазіргі уақытта тұратын үйлерін жалға алып, тұрып жатыр. Бес жыл бұрын келген бір мұғалім аталмыш бағдарламамен тұрғын үй алған.

Мектеп директоры қазіргі таңда мектепте орыс тілінен беретін бір ғана мұғалім барын, алдағы уақытта тағы бір маманды алуға ниетті екенін, бұл мәселеге байланысты ауданға «Үздік педагог» жобасы бойынша ұсыныс беріп қойғанын да айтты.

Салауатты өмір салтын ұстануда мектепте спорттық жарыстар өткізуге ерекше ден қойылған. Бүгінде алты үйірме жұмыс жасауда, қамтылған оқушылар саны – 115. Мәселен, соңғы үш жылда волейбол, баскетбол, теннис, тоғызқұмалақ ойындарынан мектеп оқушылары жүлделі орыннан көрініп келеді.

Мақалада Ілияс туған ауылдан небір мықты, елімізге еңбегі сіңген атпал азаматтардың шыққанын тілге тиек еттік. Мектеп басшысы да Ілияс Жансүгіров атындағы білім ордасынан түлеп ұшып, әр салада жүрген жандар туралы да мақтана айтты. Мәселен, Парламент депутаты Марат Бопазовтың, ел газеті «Егемен Қазақстанның» журналистері Талғат Батырхан мен Айгүл (Назгүл) Аханбайқызының, ұшқыш Тұрысқали Мадығожин есімдерін ерекше атап өтті. Сонымен қатар бір кезде Ілияс оқулары байқауының республикалық жеңімпазы атанған Данияр Қанат, Ләззат Төлетаева, Қарлығаш Тұрсынғалиеваның да есімдерін атап, бірі білім беру, қалған екеуі медицина саласында қызмет атқаратынын айтты.

2003 жылы мектепке күрделі жөндеу жұмысы жүргізілген. Қалған жылдарда мектеп тарапынан ағымдық жұмыстар атқарылыпты. Ендігіде, 2023-2024 жылдары «Туған жер» аясында ағымдағы жөндеуден өтпек.

* * *

КЕЛЕСІ бас сұққан мекеме әкімдік ғимаратында орын тепкен ауыл кітапханасы. 2018 жылдан бері кітапханашы қызметін атқарып келетін Гүлсанат Қожабекованың айтуынша, кітапхана қорында 12 мыңнан аса кітап болса, соның 8 мың данасы қазақ тіліндегі кітаптар. Алғашында оқырмандар саны 600-ден асып жығылса, халықтың басқа жаққа қоныс аударуымен оқырман саны азайған. Бүгінде тұрақты деген қырыққа жуық оқырман бар болса, оның басым бөлігі жас жеткіншектер екен.

«Кітапханашы болып төртінші жыл жұмыс жасап келемін. Соның екі жылында онлайн түрде жұмыс істедік. Кітаптардың басым бөлігі көркем әдебиеттер, әсіресе, балаларға арналған кітаптар өте көп. Мектеп жасындағы балалардың кітап оқуға деген ынтасы жоғары... «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге» деп

дана Абай айтқандай, қазір әрбір белесті біліммен ғана бағындырар замандамыз. Кітапханашы ретінде айтарым, кітап оқып, рухани байлығымызға мән берсек, біз алмайтын қамал, ас-пайтын асу жоғына кәміл сенемін – деп ағынан жарылды Гүлсанат Әлібекқызы.

* * *

ОЙТОҒАН ауылында жүздесеген ауыл әкімімен аудан орталығында кездесуімізге оңтайлы сәт туды. Ертеңгіліктен кешке дейінгі аралықта аудандық жиынға қатысқан әкімді қайтарда жолымызда жолықтырып, әңгімеге тарттық.

Ақсу ауданында 17 ауылдық округ бар десек, солардың ішін-де Ойтоған ауылына сайланған Венера Берікқызы жалғыз әйел әкімі болып табылады. Өткен жылдың тамыз айынан бері әкімдік қызметті атқарып келетін Венера ханымның жұмысы шаш-етектен асып жығылатындай. Оған дейінгі әкімдердің жұмысына еш сын айталмайтынын ашық айтқан ол әйел болса да ауылдың жұмысына ерлерше кірісіп кететінін сезімен аңғартты.

Әлбетте, халықпен жұмыс жасау үлкен жауапкершілікті талап етеді-ақ.

«Әйел болсам да әкім болу – елге жақын болу екенін жақсы білемін. Осы орайда халықпен бір ымырада еңбек етуге бар күшімді салудамын. Ауыл тұрғындарының әр мәселесіне жіті көңіл бөлуге барымды салып жүрмін. Дегенмен, бәріне бірдей жағу да қиын. Бұл қызметке келгеніме бір жылға тола қойған жоқ. Бірақ, біраз шаруаның басын қайыруға күш салудамын.

Келгелі қандай жұмыстар атқардыңыз десеңіз, ауылдағы жергілікті қауымдастық қағаз жүзінде құрылып, оған мүшелікке ешкімді тіркемеген екен. Қазіргі күні ауыл ақсақалдарынан мүшелік құрылды, оның төрағасы болып Төлепбек Көкенбаев ағамыз бекітілді. Сонымен қатар Әйелдер кеңесі жоқ болатын, оны да құрдық. Елмен етене жұмыс істеуде қауымдастықпен арнайы жұмыс жүргіземіз. Осы уақытқа дейін қауымдастықпен бірге 16 отырыс өткіздік. Халықтың айтар қандай ұсынысы болса сол жиында айтылып, оның шешімін табуға тырысамыз.

Жыл сайын әр ауылдық округке халық саны бойынша қаражат бөлінеді. Алдағы уақытқа балалар ойын алаңының жобалау-сметалық жоспарын құрып отырмыз және көшелерді жарықтандыруды да қолға алмақпыз. Ойтоған ауылында жалпы саны 7 көше болса, оның 3-уі ғана жарықтандырылған. Алдағы жарты жылдықта осы мәселелерді шешуді жоспарлаудамыз.

Сонымен қатар, ауылдағы бос жатқан жерлерді конкурсқа қойып, осы істі де шешу қажет. Егер бұған облыс әкімі рұқсатын берсе, бұл шаруаның да түйіні тарқатылып қалар. Мұнымен қоса күз айында каналдар мәселесі қолға алынады.

Матай-Үлгілі тасжолы – облыстық маңызы бар тасжол болғандықтан, облыстық жол басқармасынан 1 млрд. 130 миллиондай қаражат бөлініп, жолды жөндеу жұмысы қолға алынды.

Ауылда жалпы саны 98 шаруа қожалығы бар. Бұл шаруашылықтардың бәрі салық басқармасына тіркелгенімен, олардың басым бөлігі жұмыс жасамайды. Осылардың ішінде нақты жиырмаға жуығы ғана шаруасын жүргізіп отыр.

Өздеріңіз білетіндей, бізде егістікті суғаруға су жетіспейді, бүгінгі таңда осы мәселе де қарастырылуда. Бұған қатысты аудан бас-шылығы облыс әкімінен арнайы қаражат сұраған. Бұл да күзге қарай шешімін тауып қалар деген ойдамыз», – дейді Ойтоған ауылдық округінің әкімі Венера Берікқызы.

«ГҮЛДЕНСЕ ауыл, гүлденеміз бәріміз». Бұл тәмсілдің ел ішінде айтылып келетініне бір ғасырдан уақыт өтсе де күніге дейін еш маңызын жоймапты. Мұны іссапарлап барған Ойтоған ауылының бет-бейнесі мен онда еңбек ететін тұрғындардың күнкөріс деңгейі арқылы байқадық.

Сарби ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ, Арайлым НҰРЖАПАР
ТАЛДЫҚОРҒАН-АҚСУ-ОЙТОҒАН

P.S: ***АУЫЛДЫҢ ажарын ашқан тағы бір мекеме, ол – ауылдық дәрігерлік амбулатория. Ел денсаулығы жолында өлшеусіз үлес қосып келетін медицина мекемесі туралы ауыл тұрғындарының пікірі оң. Шағын ғана ұжымды айрандай ұйытып отырған Ерiксұлтан Бижігітов басқаруындағы амбулатория тынысы туралы алдағы сандағы «Ахуалың қалай, ауыл медицинасы?» айдарымен берілетін мақаладан оқи аласыздар.***

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ГОСДОХОД

КАКИЕ ТРАНЗАКЦИИ ОТСЛЕЖИВАЮТ В КОМИТЕТЕ ГОСДОХОДОВ

– *Жас келді деп қол қусырып отыруға дәтім шыдамайды. Балаларым демал десе де қолымнан келетін шаруаны атқаруға асығамын. Өмір дегеніміз – қозғалыс. Әдетте қол тимейді дегенді уақыттың қадірін білмейтін кісі айтады. Үй жұмысымен қоса құрақ құрап, балаларымның жеңіл-желпі киімдерін өзім пішіп-тігетінмін. Қанша бар болса да бұрынғылардан қалған аталы сөзді – «Ағадан қалғанды іні киіп өседі, ападан қалғанды сіңлі киіп өседі, көргендерін бойына түйіп өседі» дегенді естен шығармай, балалардың бірінің терін біріне сіңіріп өсірдік. Содан қайсысы кем болды? Қазіргілер дүниенің парқын білмей өсіп келеді.*

Бұл кісінің кәрі құлағы «әйелден әдеп, қарттан сый кетіп, ер адамның құны кеміген заман ғой» деген сөзді естіп қалады. Заманнан көретін ешнәрсе жоқ. Бәрі адамның қолында. Заманың оқы, еңбек ет, мамандық ал, қалаған кәсібіңді атқар деп еркіндік берді. Бірақ әдебіңнен айырыл, қайырымсыз бол деген жоқ. Баяғыда өзі келін болып түскенде бір үйлі жан емес, бір рулы елге келіндей сезінуші еді өзін. Неге десеңіз қаршадайынан еркелетіп, жылы сөзімен сырлас болған сүйкімді жеңгелеріне қарап өсті. Ер адамды пір тұтып сыйлаған, оның беделін арттырған сынық мінезді шеше тәлімін көрді. Қазіргі кейбір әйелдерден осындай әдепті көре алмаса іштей күйінеді. Балалардың көзінше отбасында жоқтан өзгеге шаптығатын, ұрыс шығаратын, шаңырақтың бас иесінің абыройын төгуден жүзі жанбайтындардан өзі де именеді. Көпті көргендіктен бе, кейінгілер де бір нәрсе үйренсін дегендік пе, әйтеуір көңілге түйгенін біреуге айтқысы келіп тұратын көрілердің әдеті бар. Сондайда айтқанын екі еткізбейтін келіндеріне риза болады.

– *Бұл кісі біздің әулеттің алтын діңгегі, отбасының махаббатын, зиялы ортаның тәрбиесін сезінген анамыздың ісі мен сөзі ұштасып, ұрпақтарына өзін тәңірдей сыйлатып келеді. Қай кезде де байсалдылығынан, зеректігінен танбайтын үлкен жүректі анамыздың бақытына сүйсіне, қызыға қарайтындар баршылық. Жетістікке жетсек, кейде бір шешімін таба алмаған түйінге кiлiксек әкеміздің рухымен сырласамыз, анамыздың батасын алуға асығамыз. Осы кісілердің жарты ғасырдан астам бірге ғұмыр кешкен жылдарында орынсыз кикілжіңге ұрынғанын көрген жоқпыз. Әкеміз айтатын, анамыз айтқызбай орындауға тырысатын. Осы тәлім біздің әулет үшін бұлжымас заң. Үлкендердің қадірін сезіндіріп, кейінгіге ғибрат бергені үшін де анамыз қандай құрметке лайық*, – дейді осы әулеттің тұңғышы Азамат Сламжанұлы.

Бисара ана дүниеге әкелген ұрпағының қоғам игілігін жасауға үлес қосқанына мерейленеді. Батыр да, дана да, дүлдүл де анадан туады. Ендеше жәннат ұрпақ қамын ұмытпаған аяулы аналарымыздың аяғының астында.

Жомарт ИГІМАН
САРҚАН АУДАНЫ

БІЛІМ

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ҰЛТ МЕРЕЙІ

«ҰСТАЗДЫҚ – ҰЛЫ ІС» ДЕП КЕМЕҢГЕР ЖАЗУШЫМЫЗ М. ӘУЕЗОВ АЙТҚАНДАЙ, БҰҒАН ЛАЙЫҚ БОЛУ – ҮЛКЕН АБЫРОЙ, БАСТЫ БОРЫШЫМ ДЕП ЕСЕПТЕЙМІН. МҰҒАЛІМ –МАМАНДЫҚ БОЛСА, ҰСТАЗДЫҚ ҚАСИЕТ, ТАБИҒАТ ДАРЫТҚАН ҚҰДІРЕТ ЕКЕН. БОЙЫҢА ҚУАТ, ЖҮРЕГІҢЕ ЖАРЫҚ ЖІГЕР БЕРІП ӨРГЕ СҮЙРЕЙТІН ДЕ, ЖАНЫҢА АЗЫҚ, ӨМІРІҢЕ ӨЗЕК БОП ТӨРГЕ СҮЙРЕЙТІН ДЕ ОСЫ ҰСТАЗДЫҚ ҚАСИЕТ. БҮКІЛ ҰСТАЗДАР ҚАУЫМЫН ӘР БАЛАНЫҢ ЖАН-ДҮНИЕСІН ТАНЫП-БІЛУШІ ӘРІ ОНЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒА ЕТІП ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ, ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ МҮСІНШІСІ ДЕУГЕ БОЛАДЫ.

Осындай қызығы мен қиыншылығы мол мамандықты мен де таңдадым. Себебі, ұстаз болу – бала кездегі арманым болатын. Сол арманға жеттім деп айта аламын. Ұстаз болғаныма мақтанамын. Өйткені бұл – мақтан тұтар мамандық. Киелі әрі өте көне ұлы мамандық. Бірақ «Ұстаздық жолы қиын бұралаң, Істей алмас бұл жұмысты құр адам» деген сөзді естен шығармаған жөн.Әр адам – қайталанбас тұлға. Оның жан дүниесі – өзінше бір әлем. Ал ұстаз сол әлемді шар-тарапқа жетелеуші. Бала болмысына өзгеріс енгізуші, бағыт-бағдар беруші, ата-ананың сенімді көмекшісі. XXI ғасырдың нағыз ұстазы қандай болмақ? Әрине, өз кәсібінің майталманы, осы мақсатқа рухани күш-жігерін, парасат қуатын салу керектігін айтпаса да түсінікті. Бұл – әркімнің қолынан келе бермейтін, ерекше талантты қажет ететін, жоғары идеялы адамға тән қасиет. Сондайақ, ұстаз күнбе күнгі өзінің көп қырлы еңбегінде мазмұны әр түрлі кездейсоқ жайттардың оң шешімін табуға дайын болуы тиіс. Ендеше, бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда жас ұландарымыздың биіктен көрнуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жанжақты берген тәрбиеміз арқылы қол жеткіземіз. Осы мәселенің бәрін жинақтай келе жаңа заман мұғаліміне сай – рефлексияға қабілетті, өзін-өзі дамытуға талпынған әдістәсілге бай, зерттеушілік қабілеті жоғары, дидактикалық, әдістемелік, ақпараттық және басқа құзіреттіліктің жоғары деңгейімен сипатталған рухани адамгершілікті шығармашыл тұлға болуымыз керек.

Ендігі алдағы үлкен арманым да көздеген мақсатым да шеберлігі шыңдалған, тәжірибесі мол ұстаз атанып, бәсекеге қабілетті болу.

Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші – білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан, әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Бұл мәселені шешудің кілті - ұстаздардың қолында.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек» дейді. Менің ойымша, мұндай қасиеттерді адам бойына тек қана ұлағатты ұстаздар ғана дарыта алары сөзсіз. Ұстаз бен оның елеулі еңбегі жайлы айта берсек сөз жетпейді.

Өз ойымды Ы.Алтынсарин атамыз айтқандай: «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады» деген сөзбен аяқтағым келеді.

Гүлмира ОҚАП,
Талдықорған жоғары политехникалық колледжінің оқытушысы.

Алатау
Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КОРРУПЦИЯ

НЕОБХОДИМО ПРИДАТЬ НОВЫЙ ИМПУЛЬС

Республика Каазахстан, как и многие другие страны мира, ведет целенаправленную работу по предупреждению и предотвращению коррупции. Казахстан – одно из первых государств СНГ, принявших антикоррупционное законодательство и присоединившихся к международным конвенциям по данному вопросу.

Правовую основу противодействия коррупции в Республике Казахстан составляют Конституция РК, Уголовный Кодекс Республики Казахстан, Уголовно-процессуальный Кодекс Республики Казахстан, Закон РК «О противодействии коррупции» и другие нормативные правовые акты, предусматривающие основные направления и конкретные меры противодействия и борьбы с коррупцией. Коррупционные преступления, будучи социально-правовым явлением, представляют собой общественно опасные посягательства на охраняемые уголовным законодательством общественные отношения. Общественная опасность таких преступлений определяет их социальную природу. Они опасны, потому что причиняют огромный вред социальным ценностям и экономическим устоям общества.

Проблема коррупции превратилась в проблему международного масштаба, поскольку она присуща всем странам, независимо от их политического устройства и уровня экономического развития, имеет место и в демократических государствах с рыночной экономикой. Коррупция оказывает большое влияние на все сферы общества: экономику, политику, социальную сферу, а негативные последствия, порождаемые этим явлением, не только препятствуют прогрессивному развитию общества, но и представляют реальную угрозу интересам национальной безопасности нашего государства. О необходимости борьбы с коррупцией говорят и политики, и высшие государственные чиновники, также борьба с коррупцией определена в качестве одного из основных приоритетов и для государственных органов.

- Борьба с коррупцией является одним из приоритетов стратегического развития страны. И в этом направлении реализован ряд важных задач: Казахстан вступил в международную организацию ГРЕКО, законодательно введено освобождение руководителей за коррупционные правонарушения подчиненных, усилена работа по экспертизе нормативно-правовых актов на коррупционные риски, - отметил Глава государства в своем выступлении в совещании по вопросам противодействия коррупции.

Президент убежден, что безопасность страны и благополучие народа зависят от реализации системных и эффективных мер в борьбе с коррупцией, что антикоррупционной деятельности необходимо придать новый импульс по всем направлениям. Бездействие в борьбе с коррупцией приводит к нарастанию у граждан протестных настроений и правового нигилизма.

Аскар БЕИМБЕТОВ,
судья СМУС Алматинской области.

ЗАКОН

НАВЕРНОЕ НЕ КАЖДЫЙ ГРАЖДАНИН ЗНАЕТ, ЧТО ОТНОШЕНИЯ, ВОЗНИКАЮЩИЕ МЕЖДУ ПОТРЕБИТЕЛЯМИ И ИЗГОТОВИТЕЛЯМИ, ИСПОЛНИТЕЛЯМИ, ИМПОРТЕРАМИ, ПРОДАВЦАМИ ПРИ ПРОДАЖЕ ТОВАРОВ (ВЫПОЛНЕНИИ РАБОТ, ОКАЗАНИИ УСЛУГ) РЕГУЛИРУЮТСЯ ЗАКОНОМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ОТ 4 МАЯ 2010 ГОДА №274-IV «О ЗАЩИТЕ ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ». ПОЭТОМУ ДУМАЕМ НЕ ЛИШНИМ БУДЕТ РАССКАЗАТЬ О ДАННОМ ЗАКОНЕ. НАСТОЯЩИЙ ЗАКОН ОПРЕДЕЛИЛ ПРАВОВЫЕ, ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И СОЦИАЛЬНЫЕ ОСНОВЫ ЗАЩИТЫ ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ, А ТАКЖЕ МЕРЫ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ БЕЗОПАСНЫМИ И КАЧЕСТВЕННЫМИ ТОВАРАМИ (РАБОТАМИ, УСЛУГАМИ).

ОСНОВЫ ЗАЩИТЫ ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ

Хотим напомнить, что потребители имеют право не только на свободное заключение договоров на приобретение товаров, получение информации о товаре, приобретение безопасного товара, свободный выбор товара, надлежащее качество товара, обмен или возврат товара как надлежащего, так и ненадлежащего качества, возмещение в полном объеме убытков, морального вреда, но и защиту прав и законных интересов.

Предусмотрено, что в случае нарушения прав граждан-потребителей право потребителя на защиту прав и законных интересов урегулировано ст.22 Закона РК «О защите прав потребителей». Защита прав и законных интересов потребителей осуществляется в пределах компетенции соответствующими государственными органами, судом и арбитражем.

Надо признать, что с принятием Закона Республики Казахстан «О медиации» от 28 января 2011 года № 401-IV ЗРК появилась уникальная возможность применять медиацию как способ урегулирования конфликта или спора до суда в сфере защиты прав потребителей.

В настоящее время, медиация, как один из видов примирительных процедур является конфиденциальной процедурой урегулирования спора (конфликта) между сторонами при содействии медиатора в целях достижения ими взаимоприемлемого решения, реализу-емая по добровольному согласию сторон. Закон Республики Казахстан «О медиации» регулирует общественные отношения в сфере организации медиации в Республике Казахстан, определяет ее принципы и процедуру проведения, а также статус медиатора. Стороны могут урегулировать спор с помощью третьей нейтральной стороны-медиатора. Основополагающими принципами медиации являются: добровольность; конфиденциальность; взаимоуважение; равноправие сторон; нейтральность и беспристрастность медиатора; прозрачность процедуры.

Айнур СЕИЛЬХАНОВА,
главный специалист Талдыкорганского городского суда.

СУДЕБНЫЙ ПРИСТАВ

ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ВНУТРЕННЕГО ПОРЯДКА

Любое судебное разбирательство должно происходить в условиях, обеспечивающих нормальную работу суда и безопасность лиц, присутствующих в зале судебного заседания.

Пропускной режим и поддержание общественного порядка в зданиях судов осуществляется сотрудниками Управления специализированной службы охраны Министерства внутренних дел Республики Казахстан и судебными приставами. Осуществление порядка в зданиях суда возложено на судебных приставов, то есть на должностное лицо, состоящее на государственной службе и выполняющее возложенные на него Законом задачи, который проходит специальную подготовку, после которой имеют право на хранение и ношение огнестрельного табельного оружия, использование специальных средств.

Например, обязанность обеспечивать в судах безопасность судей, заседателей, участников процесса возлагается на судебных приставов, находящихся в зале судебного заседания. Характер их конкретных действий будет целиком зависеть от того, какое дело (уголовное, гражданское, административное) рассматривается судом, в открытом или закрытом судебном процессе. Обязательно учитываются психологические особенности истца и ответчика, степень общественной опасности совершенного преступления и т.д.

В обязанности судебного пристава также входят осуществление охраны судей и иных лиц, участвующих в судебном процессе, а также лиц, участвующих в исполнительных действиях, во время совершения таких действий; обеспечивать охрану совещательных комнат, других судебных помещений и зданий; предупреждать и пресекать правонарушения в зале судебного заседания и помещении суда, а также во время совершения исполнительных действий; обеспечивать по поручению судьи доставку уголовного дела и вещественных доказательств и их сохранность при проведении судебного разбирательства вне места постоянного пребывания суда; выполнять распоряжения судьи, связанные с соблюдением порядка проведения судебного разбирательства; осуществлять привод лиц, уклоняющихся от явки в суд, к судебному исполнителю или на место совершения исполнительных действий и т.д.

В случаях, предусмотренных законом, судебные приставы имеют право на применение физической силы, специальных средств и огнестрельного оружия, если применение иных мер не обеспечило возможность исполнения ими должностных обязанностей.

Саят КОКЕБАЕВ,
старший судебный пристав Талдыкорганского СМАС.

АКЦИЯ

МВД ВЫКУПАЕТ ОРУЖИЯ И БОЕПРИПАСЫ У НАСЕЛЕНИЯ

В целях повышения уровня обеспечения общественной безопасности с 25 апреля МВД начало республиканскую акцию по выкупу у населения незаконно хранящегося огнестрельного оружия, боеприпасов и взрывчатых веществ, передает Tengrinews.kz со ссылкой на Polisia.kz.

За первый день акции в полицию сдано более 100 единиц оружия. За добровольную сдачу предметов вооружения предусматривается выплата из республиканского бюджета в сумме от 10 до 100 МРП за каждую единицу оружия, в зависимости от его технического состояния. За первый день акции в полицию добровольно сдано 109 единиц огнестрельного оружия, в том числе 20 — нарезного длинноствольного, 88 — гладкоствольного, 1 — травматического и почти 3,5 тысячи патронов к нарезному оружию. Все сданное оружие проверено по учетам МВД и проходит криминалистическую экспертизу. Прием предметов вооружения производится в каждом территориальном органе полиции.

«В целях предотвращения травм просим не производить никаких действий с обнаруженными взрывчатыми материалами и боеприпасами, ни в коем случае не пытаться транспортировать их, а сообщать об этом в любое подразделение полиции, в том числе по телефону на номер 102 либо на номер 112», - сказали в ведомстве.

Граждане, добровольно сдавшие незарегистрированное огнестрельное оружие, боеприпасы и взрывчатые вещества, освобождаются от уголовной и административной ответственности. МВД рассчитывает на понимание и активное участие населения в проводимой акции.

Справочно: Министерством внутренних дел с 2008 года проведено 11 республиканских акций по выкупу у населения незаконно хранящегося вооружения. На эти цели из республиканского бюджета выделяются необходимые финансовые средства. За все акции (2008, 2012−2015, 2016−2021) населением на возмездной основе добровольно сдано более 54 тысяч единиц огнестрельного оружия и свыше 2 миллионов патронов к нарезному оружию.

ГЕНДЕР

ДЛЯ РАСШИРЕНИЯ И ЗАЩИТЫ ПРАВ ЖЕНЩИН

Отнесение человеческого капитала к числу объективно-первостепенных условий социальной модернизации поставило на повестку дня необходимость преобразования экономических, социальных и общественно-политических институтов. В этих целях в 2014 году Правительством утверждена Концепция социального развития Республики Казахстан до 2030 года, направленная на создание условий для повышения качества и конкурентоспособности человеческого капитала, а также достижение высокого стандарта качества жизни для всех казахстанцев, в которой отражены стратегические задачи по реформированию социально-трудовых отношений, системы здравоохранения, образования и социальной защиты с отдельным фокусом на социальной поддержке материнства, детства и уязвимых групп семей.

В период становления Казахстана как демократического государства были сформированы первые общественно-значимые структуры по вопросам женщин, материнства и детства. Казахстан присоединился к основополагающим документам ООН в области расширения и защиты прав и возможностей женщин. В сентябре 2015 года Казахстан присоединился к целям устойчивого развития ООН.

В связи с завершением реализации Гендерной стратегии возникли благоприятные возможности увязать новый этап государственной гендерной политики с международными трендами устойчивого развития, национальными стратегическими приоритетами и новыми принципами социальной политики.

Как показывает международная практика, существенное влияние на уровень функциональной устойчивости семьи оказывают модели гендерных отношений. Чем выше уровень гендерного равенства, тем больше ответственности, паритетности и результативности в выполнении членами семей своих бытовых, экономических, нравственно-воспитательных, защитных и других важных функций. Таким образом, становится очевидным, что формирование условий становления современной устойчивой семьи и достижения гендерного равенства является неразрывным процессом социальной модернизации общества.

Разработка комплексной Концепции семейной и гендерной политики в Республике Казахстан как связующего звена между действующими концепциями в области конкурентоспособности и социального развития представляется очевидной и обоснованной необходимостью и одним из принципиальных условий успешной интеграции Республики Казахстан в мировое сообщество.

Маржан ОМАРОВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания Текелийского городского суда.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР

АВТОКӨЛІК КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Талдықорғандағы «Жастар» Спорт сарайында қазақ күресінен «Қазақстан барысы» республикалық жарысына іріктеу үшін «Жетісу бөрісі» облыстық турнирі өтті. Турнирдің ашылу салтанатына Алматы облысының әкімі Қанат Бозымбаев қатысты.

Шараға тұңғыш «Қазақстан барысы», Іле ауданындағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Ұлан Рысқұл және бірқатар танымал спортшылар да келді.

Турнирдің ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде Қанат Бозымбаев облыста спортты дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Облыс әкімінің айтуынша, спорттық инфрақұрылым желісін кеңейту арқылы бұқаралық спортты, балалар спортын, сонымен қатар ұлттық спорт түрлерін жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік мол.

«Бұл турнир болашақта жоғары дәрежелі палуандарды дайындап, тәрбиелеуге үлкен септігін тигізеді деп ойлаймын. Халқымызда «Нағыз балуан алып та жығады, шалып та жығады» деген сөз бар. Ендеше, бүгінгі додада ұлттық намысымыздың ұйытқысы болған палуандарымыздың баптары бағына сай болып, шын жүректен жеңіске жетсін деп тілеймін!», – деді Қанат Бозымбаев.

Жарыста аудандық және қалалық іріктеу жарыстарынан жеңіп шыққан 40 палуан күш сынасты. Турнир қорытындысында алакөлдік Мәди Еділбаев жеңімпаз атанып, оған басты жүлде «Лада Гранта» автокөлігі берілді. Екінші орынның тұғырына қапшағайлық Мәди Сапин көтеріліп, 1 миллион теңге иеленді. Осы жарыстың ақтық сынына жеткен осы екі палуан биылғы жылдың маусым айында елордада өтетін «Қазақстан барысы» республикалық турнирінде Алматы облысының намысын қорғайтын болады. «Жетісу бөрісінің» үшінші орнын Кеген ауданының палуаны Бексұлтан Әнуарұлы алды. Оған 500 мың теңге сыйлық берілді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ЧЕМПИОНАТ

«Балалар жылы» аясында Шымкент қаласында қазақ күресінен 2005-2006 жылдары туған жасөспірімдер мен 2007-2008 жылдары туған жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті.

Біріншілікке 14 облыс пен 3 қаладан 1000-ға жуық балуан қатысты.

Жарыстың шымылдығын ашқан Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Мақсұт Исахов спортшыларға сәттілік тіледі.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялаған болатын. Ол «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз» деп атап өтті. Биылғы біріншілікке қатысып жатқан балғындар Президенттің сенімінен шығып, шыдамдылық пенептіліктің арқасында биік шыңдарды бағындыра алады деп ойлаймын, – деді Мақсұт Пернебайұлы.

Ал Qazaq kuresi Ассоциациясының бас директоры Ербол Мырзабосынов бүгінгі таңда ұлттық күрестің дамуы туралы тоқталып, жарыстың маңыздылығын атап өтті.

– Бүгінгі таңда қазақ күресі елімізде, оның ішінде оңтүстік аймақтарда белсенді дамуда. Өзінің ежелгі және берік күрес дәстүрімен танылған Шымкент қаласында бұл жарыстың өтуінің негізгі себебі де осы. Мемлекет басшысы бұқаралық спортты дамыту қажеттігін аз айтқан жоқ. Еліміздің барлық жерлерінде спорттық инфрақұрылым қарқынды дамып келеді, спортпен белсенді айналысатын адамдар көбейді. Ең бастысы салауатты өмір салтының мәдениеті қалыптасып жатыр, – деді Ербол Қуантайұлы.

Жабық жеңіл атлетикалық манеж спорт кешенінде өткен чемпионатта жоғары ұлттық санаттағы төреші Азамат Ерәділов бастаған 50-ге жуық маман төрешілік жасады.

Жарыс қорытындысы бойынша, 2007-2008 жылдары туған жасөспірімдер арасында Ғалымжан Бекберген (38 кг, Жамбыл обл), Саят Балғабай (42 кг, Түркістан обл), Ернұр Батырғали (46 кг, Түркістан обл), Шерхан Асқарбек (50 кг, Атырау обл), Мағжан Сұлтания (55 кг, Қарағанды обл), Ердәулет Абдуматалипов (60 кг, Қызылорда обл), Темірлан Мәуленқұл (65 кг, Қарағанды обл), Дастан Әшімов (70 кг, Қызылорда обл), Әлішер Слямжанов (75 кг, Маңғыстау обл), Шыңғыс Ержанұлы (75+ кг, Алматы) чемпион атанды.

2005-2006 жылғы жастар арасында барлық белдесулерде қарсыласынан басым түскендер бар. Ұлдар арасында Азамат Әмірхан (65 кг, Шымкент), Олжас Жоспар (70 кг, Жамбыл обл), Дәуірсейітхан Темірхан (76 кг, Түркістан обл), Шахнияз Ағыбаев (82 кг, Қостанай обл.) және Сардар Әбдісамитұлы (82+ кг, Түркістан обл) жеңістің биік тұғырына көтерілді.

Ал 2005-2006 жылғы қыздардың нәтижесі төмендегідей: Сабина Уәлихан (36 кг, Шымкент), Құндыз Алмағанбетова (40 кг, Қызылорда обл), Гулхан Шыңғысхан (44 кг, Атырау обл), Нұрай Бақыт (48 кг, Қызылорда обл), Ботагөз Әділханова (52 кг, ШҚО), Маулития Әлембекқызы (56 кг, ШҚО), Зарина Мұрадасыл (60 кг, Қызылорда обл), Аниса Ибатолла (60+ кг, Атырау обл) өз салмақтарында жеңіске жетті.

Жарыс ұйымдастырушылары – Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті, Qazaq kuresi Ассоциациясы, Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы.

ШАХМАТ

АЛТЫН МЕДАЛЬ САЛДЫ

Қазақстан шахмат федерациясының мәліметінше, 18 жасқа дейінгі жастар арасындағы рапидтен әлем чемпионы атанған ФИДЕ шебері Қазбек Нөгербек бұл жолы Қазақстан қоржынына блиц шахматтан алтын медаль салған.

Ал блицтен 18 жасқа дейінгі қыздар арасындағы әлем чемпионатында 17 жастағы шахматшы, әйелдер арасындағы халықаралық шебер Назерке Нұрғали алтыннан алқа тақты.

14 жасқа дейінгі ұлдар арасындағы жарыста күміс жүлде кеше рапидтен қола жүлдегер атанған Даниял Сәпеновке бұйырған.

«Бүгін атаулы күн, қазақстандық шахматтың қазынасы марапаттармен толықты. Кадеттер арасындағы былтырғы жылдам және өте жылдам шахматтан әлем біріншілігінде қазақстандықтар 3 алтын, 1 күміс және 1 қола медаль жеңіп алды. Біздің чемпиондарымызды, олардың жаттықтырушыларын, ата-аналарын және олардың табысты өнер көрсетуіне ықпал еткен барша жанды құттықтаймын!», – деді қазақстандық шахмат федерациясының атқарушы директоры Әнуар Исмағамбетов.

ЖЕКПЕ-ЖЕК

Жуырда ғана кәсіпқой боксқа ауысқан бокстан ұлттық құраманың екі өкілі, қазақстандық Suleimen Promotion компаниясымен жұмыс істейтін Абылайхан Жүсіпов пен Әбілхан Аманқұл мамыр айында АҚШ-та дебюттік жекпежектерін өткізеді.

АҚШ-ТА ЖҰДЫРЫҚТАСАДЫ

Екі боксшымыз да орта салмақта өнер көрсететі жерлесіміз Жәнібек Әлімханұлының (11-0, 7 КО) алдағы кездесуінің андеркардында жұдырықтасатыны белгілі болды. Бұл – 2017 жылғы әлем біріншілігінің және 2018 жылғы жазғы Азия ойындарының күміс жүлдегері, Азия чемпионатының қола жүлдегері Әбілхан Аманқұл үшін кәсіпқой бокс әлеміндегі алғашқы жекпе-жегі болса, ұлттық құраманың капитаны, үш дүркін әлем чемпионатының қола жүлдегері, Азия біріншілігінің қола жүлдегері Абылайхан Жүсіповтің екінші айқасы.

Айта кетейік, Ж.Әлімханұлы өзінің келесі кездесуін 21 мамыр күні Лас-Вегас (Невада штаты, АҚШ) қаласында өткізеді. Оның қарсыласы – ұлыбританиялық Дэнни Дигнум (14-0-1, 8 КО). Бұл кездесуде WBO ұйымының «уақытша» чемпиондық атағы сарапқа салынады.

ДЗЮДО

СУРДОЛИМПИАДАДАН ТАҒЫ ЖЕҢІС

Бразилияның Кашиас-ду-Сул қаласында өтіп жатқан 24-ші жазғы сурдлимпиадалық ойындарда қазақстандық дзюдошылар тағы үш медаль жеңіп алды.

Садақ атудан Азия кубогінің ІІ кезеңі 6-11 мамыр күндері Ирақтың Сулеймания қаласында өтеді.

Аталған додаға қатысатын Қазақстан құрамасының тізімі келесідей: Сергей Христич, Айжан Сейдахметова, Владислав Магжанов, Луиза Сайдиева, Назерке Тұрсынғалиева, Елизавета Авдеева, Эльмира Раисова, Адель Жексенбаева, Шамиль Сагутдинов, Бунед Мирзаметов, Виктория Лян .

БАСКЕТБОЛ

ЛИГАҒА ҚАТЫСА АЛМАУЫ МҮМКІН

Демеушілер қазақстандық «Астана» клубына ВТБ Біріккен баскетбол лигасына қатысу үшін бюджет бөлуден бас тартты. Осыған байланысты команда қаржы тапшылығына байланысты турнирдегі орнын жоғалтып алу қаупі бар.

«Астана» кәсіби баскетбол клубы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының қолдауымен 2011 жылдың наурыз айында құрылған. Команда Қазақстанның тоғыз дүркін чемпионы және тоғыз дүркін Қазақстан кубогының иегері.

Клуб ВТБ Біріккен лигасында, Қазақстан чемпионатында және Қазақстан кубогында өнер көрсетеді. 2021/22 маусымында «Астана» ВТБ Біріккен лигасының тұрақты маусымында 18 матчтың екеуінде ғана жеңіске жетіп, оныншы орынға тұрақтаған.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

ЖЕҢІС

Жеңіс дейміз жалауымыз желбіреп,
Көктем күні нұрын төксе елжіреп,
Тап осындай бейбіт күнге
жеткізген
Әкелер мен ағалар ғой ержүрек.
Қорғап қалған қаласы мен даласын,
Білеміз бе бабалардың бағасын?
Қан майданда бала аңсап анасын,
Келеді деп ана күтті баласын.
Жауынгерлер Отан үшін ерледі,
Жауларына сүйем жерін бермеді.
Жанын қиып туған жерім, елім деп,
Амал қанша, көпшілігі келмеді.
Боздақтардың ұрпақтары өрістеп,
Болашақтың бақытымен бөліспек.
Өткен күннің өшпейтұғын белгісі –
Өсіп жатыр Жеңіскүлдер, Жеңісбек.
Ойламаңдар жеңіс көзі соғыс деп,
Алдарыңда күтіп тұрған соны іс көп.
Жетістікке жеткен сайын
әр істе,
Соның бәрін санай берґін жеңіс деп.

Абдрахман АСЫЛБЕК

ӨТКЕН КҮННЕН БІР БЕЛГІ

МӘҢГІЛІК ӨНЕГЕ

Біз Кеңес Одағының «Октябрят», «Пионер», «Комсомол» ұйымдарының үлгі-өнегесімен ер жеткен ұрпақ өкіліміз ғой. Тәрбие де, болмыс та мүлдем басқаша болған. Студенттік шағымда Кеңес Одағының батыры, жазушы, әскери қолбасшы Бауыржан Момышұлының жазған әңгіме, қанатты сөздерін жата-жастана оқитынмын. Оның соғыстағы ешбір боямасыз ерлігіне, соғыс тактикасына қарап таңдай қағатын едім. Бойыма батылдық пен ерлікті дарытқан ұлы тұлғамен кездесу бұйырыпты.

Жоғарғы оқу орнында білім алып жүрген кезімде Педучилищеге Бауыржан Момышұлы келеді деген әңгімелер естідік. Өз құлағымызға өзіміз сенбей ұстаздарымызға жүгіріп барып сұрасақ, айтылған ақпарат шын болып шықты. Даңқты батыр, ұлы тұлға мына білім ошағының студенттерімен кездесу өткізбекші екен. Халық қаһарманын жүрегіміз лүпілдеп, алып-ұшып қарсы алдық.

Бауыржан аға кездесуге Ұйғыр әдебиетінің көрнекті өкілдері Х. Абдуллин, З. Сәмеди, Х. Хамратаевтармен бірге келді. Педучилищенің оқу ісінің меңгерушісі М. Богданова Бауыржан ағаға біздің студенттеріміздің тең жартысы орыс тілінде білім алады, сондықтан орыс тілінде сөйлейсіз бе деп өтінді. Сонда Бауыржан ағамыз: «Молчать! Ты кто такая, чтобы мне указание давать?» , – деп зор даусымен оны тиып тастады. Сөзін қазақ тілінде бастап, кейін орыс тілінде жалғастырды.

«Товарищи! Я казах-х-х! И я горжусь этим. Наша Родина многонациональная! В ней живут беларусы, украинцы, киргизи, узбек» деп тізбектеп келді де, «Мында өз тілінен басқа ешбір тілді ұқпайтын орыс деген халық отыр, сондықтан мен орысша сөйлемеймін» деді. (автор: Не деген батылдық десеңізші!)

«Ол халықтардың ішінде біздің маңқа қазақтар да бар!» деп сөзін жалғады. Мен ол кісінің бұл сөзіне өкпелеп қалдым, бірақ кейін барып сол сөздің түп-төркінін ұқтым.

«Мені жақсылық, мейірімділік, әдемілік, инабаттылыққа тәрбиелеген – Анам! Қиындыққа, төзімділікке, батылдық пен батырлыққа да баулыған анам. Кезінде Ана деген есімнің ең құрметке лайық екендігін мұншалық ұқпап едім», – деді бір жағынан мейірімді, бір жағынан қатқыл үнмен.

Содан кейін темекісін мундштукке кигізіп, түтінін будақтатып тартты да: «Мына пәлені (гадостьты) отыздан асқанда тарттым, оған кінәлі – соғыс. Ащы суды сылдырлатып құйдырған да – соғыс» , – деді.

Мұнымен жастарға ел аман, жұр тынышта мұндай бәлеге жоламаңдар деп айтқысы келді.

Өзі жеті тіл білетінін айта келе, «Каждый полноценный человек должен владеть языками» деп қатқыл даусымен ескертті.

Ол кісінің өнегелі әңгімесінен кейін біз ортаға шықтық. Элла Пэтерс орыс тілінде, мен қазақ тілінде сөз сөйледік. Тіземе шейін жететін бұрымымды өріп алдыға түсіріп қойдым да, батыр ағама жазған бір шумақ өлеңім мен ол кісінің бір ұлағатты сөзін айттым. Риза болған кейіппен жаныма келіп басымнан сипап, маңдайымнан сүйді.

Сол сәтте қуанып, шаттанғанымды-аай! Менен бақытты адам болмаған шығар, сірә. Алған әсерімді сөзбен айтып жеткізе алмаймын.

Өмір бойы дәл сол сәт көз алдымнан кетпейді. Құдды бір батыр ағамның батасын алғандай боп өмір сүріп, халыққа қызмет еттім, бала оқыттым.

Ұстаздық еткен қырық бес жылдық жолымда сол кісінің қанатты сөздерін кеңінен қолдандым, тәжірибеме үйлесіммен қосып отырдым, шәкірттерімнің сондай тұлғаның үлгі-өнегесімен тәрбиеленуіне ықпал еттім.

* * *

1984 жылы өмірлік серігім Секеннің әпкесі Баян мен Ғалымның үлкен қызы Гүлнәр тұрмысқа шықты. Тойға бас құда болып Рахымжан Қошқарбаев барды. Баян әпкеміз үлкен келінім деп мені және кіші келінім деп Ләйләні Рақымжан ағаның алдына апарып, «Аға, мына қыздар менің екі інімнің жұбайлары, менің келіндерім» деп таныстырды.

Рақымжан ағаның алпысқа таяп қалған шағы екен. Жүзі өте шырайлы, әнді, ширақ адам екен. «Бақытты бол, шырағым!» деп мені маңдайымнан сүйді. Ал Ләйлә абысынымды жылы қабылдамады. Баян әпкемізге қарап: «Баяш, мына келінің қасқырдай екен, моншақтарды тағып алған», – деді. Екі келін де бір түрлі ыңғайсызданып қалдық.

Дастархан басында ол кісінің әңгімесіне тәнті болдық-ау! Неткен әдемі, үйлесімді сөйлейді десеңізші... Құдаласып жатқан екі жақты жақындастырып, дастарханның сәнін кіргізді.

Мұғалім болғандықтан – бір нәрсені біле түссем дейтін қызығушылығым ағаға бет бұрғызды.

– Аға, рұқсат болса, бір сұрақ қояйыншы?!
– Иә, шырағым, сұрағыңды қоя ғой
– Аға, Берлиндегі Рейхстагқа ту тіккен сіз деп айтады ғой, иә?

– Шырағым, тарихта қалай жазылса, солай болып қала берсін, оған еш өзгерту жасамайық жарай ма?, – деді. Мен осы сұрақтың жауабын әлі күнге дейін нақты білмейтін сияқтымын.

Бірақ адамгершілігі жоғары, кішіпейіл, әдеби-мәдени жағынан сауатты, үлкен қоғам қайраткері, батыр ағамның келбетін, ертегіге бергісіз әңгімелерін өзінше бір мектеп ретінде қабылдадым. Жасым ұлғайған сайын ол кісінің маңдайымнан сүйгені – батасын бергені екенін түсініп, тәубе етіп жүремін.

Рақымжан аға 1958-60 жылдары Жаркент қаласындағы Қытай елінен қоныс аударушылар жөніндегі басқарманың бас инспекторы болып қызмет атқарыпты. Сол уақыттарда менің енем сол жерде күзетші болған екен. Ал атамыз соғыс басталғанда военком болып еңбек еткен.

Менің енем үйді таза ұстайтын, қонақжай, ас-ауқатты дәмді әзірлейтін жан еді. Сол жылдары атам мен енем Рақымжан ағамен етене араласып, үнемі үйіне қонақ қылып, дастархан жайып отырған екен. Аралас-құралас болып кеткен үзеңгілес досы Рақымжан кейін балалары Баян, Секен, Сейтбектің оқуына қол ұшын беріпті.

Б. НҰҒМАНОВА,
ҚР Білім беру ісінің құрметті азаматы.
ПАНФИЛОВ АУДАНЫ

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ

Даңқты қолбасшы, әскери қайраткер, жазушы, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Бауыржан Момышұлының мірдің оғындай нысанаға дәл тигізер сөздері бүгінде халық арасында кең тарап, қанатты сөзге айналып кетті. Тілге жүйрік, сөзге шешен хас батырдың қанатты сөздерін назарларыңызға ұсынамыз.

* Әділдікті мойындау - адал кісінің ісі.
* Опасыздық - ойсыздық.
* Қуыс кеуде болғаннан артық қорқыныш та, қорлық та жоқ.
* Бақаның бағынан сұңқардың соры артық.
* Намысты наңға сатпа.
* Қарабет болып қашқанша - қайрат көрсетіп өлген артық.
* Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу - сатқындық.
* Иманін жүріп көрген игіліктен – қарсыласып жүріп көрген бейнет артық.
* Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше – шындықтың уын ішін өлген артық.
* Ешкім іштен батыр болып тумайды: батырлық та, мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады.
* Батырлық тәуекел мен ақылдың есебінен шығуға тиіс. Тәуекел кейде ақылды да ақтап алады. Ал ақылсыз тәуекелді ештеңе де ақтап ала алмайды.
* Ата-ана қадірін білмеген – ел қадірін біле алмас,
Ел қадірін білмеген – ата-ана қадірін біле алмас.
* Дүниеде баланың у-шуына жетер не бар?!
Одан асқан сазды әуен ойлап табу мүмкін емес.
* Қазақ тілі – сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл.

* Тәрбиелі – тәртіптің құлы,
Тәртіпті – елдің құлы.
* Ылғи алтын іздеме – шоқтың бәрі от болмас.
* Күншілдік – өзгенің мықтылығы мен өзіңнің әлсіздігіңді мойындаудан туған құбылыс.
* Үмітін жоғалтқан жан – ешқашан үміттеніп көрмеген жан.
* Тіл – елдің елдігінің, оның ғылымы мен мәдениетінің, өнеркәсібінің, қоғамдық құрылысының, салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің, ұлттық мұрасының қай дәрежеде екенін білдіріп тұратын көрсеткіш.
* Ана тілімізге мән бермеушілік, оны құрметтемеу – шынайы патриоттар тәрбиелеу жұмысына үлкен зиян.
* Қазақ тілі еш уақытта өзімен көрші халықтардың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалмағаны, өз сыбағасын ешкімге жібермегендігіне мың жылдық көне тарих куә.

Massaget.kz сайтынан алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор
Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 487
Индекс 15534